



БІРГЕ ӨСІП, БІРГЕ ДАМИМЫЗ



Ерте жастағы балалардың
(0 ден 7 жасқа дейін) дамуын бақылау
жөніндегі ата-аналарға арналған нұсқаулық

БІРГЕ ӨСІП, БІРГЕ ДАМИМЫЗ

Ерте жастағы балалардың (0 мен 7 жасқа дейін)
дамуын бақылау жөніндегі ата-аналарға арналған
нұсқаулық



Астана, 2024

ҚҰРАСТЫРУШЫ АВТОРЛАР:

Светлана Булгакова,

психология магистрі, практик психолог, перинаталдық, репродуктивтік, отбасылық психология маманы, «Отбасы Академиясы» ҚҚ сарапшысы және жаттықтырушысы, «Перинаталдық психология», «Балалардың мектепке психологиялық дайындығын қалыптастыру» оқу бағдарламаларының авторы және жаттықтырушысы.

Татьяна Федотова,

балалар психологі, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, «Отбасы Академиясы» ҚҚ сарапшысы, «Әртүрлі жастағы балалардың психофизиологиялық және когнитивтік даму ерекшеліктері», «Балалардың саналы мінез-құлқы мен өмір сүру қауіпсіздігі дағдыларын қалыптастыру» және т. б. оқу бағдарламаларының авторы және жаттықтырушысы.

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Арзанбаева Б.О.,

педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының доценті.

Каржаубаева Ш. Е.,

медицина ғылымдарының докторы, Жастар мен отбасы денсаулығы орталығының меңгерушісі.

Кабакова М.П.,

Қазақ ұлттық университетінің профессоры, психология ғылымдарының кандидаты, отбасылық қатынастар жөніндегі маман.

Жакупова А.Ж.,

PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы.

Бұл нұсқаулық ерте жастағы балалардың ата-аналары мен қамқоршыларына арналған. Оның мазмұны ересектерге баланың дамуының әр кезеңінде оның қажеттіліктері туралы, денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз орта құру туралы көбірек білуге көмектеседі.

Нұсқаулық БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстан Республикасындағы Өкілдігімен бірлескен «Қазақстандағы ерте жастағы балалардың әлеуметтік және мінез-құлық модельдерін өзгерту және олардың дамуына бақылау жүргізу жөнінде ата-аналардың/қамқоршылардың және мамандардың хабардар болуын арттыруға қоғамдастықты қатыстыру бойынша іс-шаралар әзірлеу және жүргізу» жобасын іске асыру шеңберінде әзірленген.

«Отбасы Академиясы» отбасына кешенді қолдау көрсету орталығы Қоғамдық қоры жарияланымның мазмұны үшін жауапты, оның мазмұны міндетті түрде ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы Өкілдігінің ұстанымын көрсетпейді.

СӘБИМЕН БІРГЕ

ЖОҒАРЫ ҚАРАЙ ӨРМЕЛЕЙМІЗ

5 КІРІСПЕ >>>

6 АНА БОЛУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ! >>>

9 БАЛАҢЫЗ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ! >>>

12 БӘРІҢЕ СӘЛЕМ, МЕН КЕЛДІМ!
Шақалақ кезеңі (0 – 28 дней) >>>

17 «ГУЛИ-ГУЛИ»
2–4 айдағы бала >>>

21 ЗЕР САЛЫП ҚАРАУДЫ ҮЙРЕНЕМІЗ
4–6 айдағы бала >>>

24 «АНАШЫМ, МЕН СЕНІ ТАНЫП ҚОЙДЫМ!»
6–9 айдағы бала >>>

29 «АНА», «АТА»
9–12 айдағы бала >>>

33 ТОП, ТОП, АЯҚ БАСАМЫЗ...
Бала 1 жаста >>>

39

**СЕЗУДІ ЖӘНЕ ЭМОЦИЯ
БІЛДІРУДІ ҮЙРЕНЕМІЗ**

Бала 1,5 жаста >>>

42

ӨМІРІМІЗ НЕ? ОЙЫН!

Бала 2 жаста >>>

48

АЙРЫҚША ЖАС – «ӨЗІМ ІСТЕЙМІН!»

Бала 3 жаста >>>

53

«НЕГЕ» ЖАСЫ

Бала 4 жаста >>>

58

**ТАҒАТСЫЗДАНА АЙНАЛАСЫМЕН
ТАНЫСАДЫ**

Бала 5 жаста >>>

63

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ

Бала 6 жаста >>>

70

АЛҒАШ РЕТ БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРАДЫ!

Бала 7 жаста >>>

77

**Қиынды қарапайым тілмен жеткізу
(гlossарий) >>>**

78

Ата-аналарға ұсынылатын әдебиеттер >>>

КІРІСПЕ

Даму мониторингінің мақсаты – баланың өсуін және оның уақыт ағымына қарай өзгеруін, сондай-ақ оның туғаннан 7 жасқа дейінгі кезеңде стандартты даму кезеңдеріне сәйкестігін бақылау. Баланың дамуын бақылау баланың әлеуметтік және эмоциялық дағдыларына, тілі мен қарым-қатынасына, когнитивтік дамуы мен мидың дамуына (мысалы, оқу, ойлау, проблемаларды шешу), сондай-ақ іс-қимыл және физикалық дамуына бағытталған.

Ата-ана ретінде өз балаларыңызға өмірге жақсы бастама бересіз — тәрбиелейсіз, қорғайсыз және жөн сілтейсіз. Балаңыз қалай өсіп, жетіліп жатқанына қарай, сіз оған қолдау көрсету үшін көп нәрсені жасай аласыз. Бұл нұсқаулық сізге сәбиіңіздің дамуының негізгі кезеңдерін анықтауға көмектеседі, сізге балаңыздың ата-анасы немесе қамқоршысы ретінде оның толық дамуына көмектесуге және қажет болған жағдайда дер кезінде мамандардың көмегіне жүгінуге мүмкіндік береді. Нұсқаулықта ата-аналар қандай жағдайда маманға жүгінуі керектігі туралы ақпарат берілген. Егер бала даму кезеңдеріне сәйкес келмесе, ата-ана/қамқоршылар өз күмәндарын педиатрмен, отбасылық дәрігермен немесе қамқоршы медбикемен талқылауы керек. Маман құрылымды тесттің немесе сауалнаманың, ата-аналарға немесе қамқоршыларға арналған сұрақтар жинағының көмегімен қажетті тексеруді (анағұрлым нақты диагностиканы немесе көмекті қажет ететіндерді анықтау мақсатында тез, қолжетімді, шамалас тексеру әдісін) өткізіп, қорытынды жасайды.

Бала дамуын бақылау ата-анаға сәбиінің дұрыс өсіп, дамуын қадағалауға, сондай-ақ баланың күнделікті өмірінде оған күтім жасауға ынталандырып, оның жағдайын жасауға себепкер болады.

АНА БОЛУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ!

Баланың, оның денсаулығы мен бас амандығы ұрықтану сәтінен бастап қалыптасады. Бала мен ата-ана қатынастары бұл кезде соншалықты ерте қатынас жасау кезеңінде үлкен рөл атқарады. Ананың қуанышы мен бақыты, оның жүкті болу тілегі мен жоспары, өзіне көңілі толуы және өткені мен қазіргі өмірін жақсы көру ана мен бала ара-



сындағы алғашқы қатынастың алғашқы сатысына әсер ететін факторға айналады. Ерлі-зайыптылар арасындағы бір-біріне қанағаттануы да маңызды факторлардың біріне жатады. Баланың әкесінен, өз күйеуінен қолдау көру, онымен жақын әрі жылы жанасу әйел бойында өзара бірлесу және жақсы көру нәтижесінде пайда болған өнімі – балаға бағытталған нәзік аналық сезімдерді тудырады. Ал қорқыныш, сенімсіздік, алаңдаушылық, көңіл бөлінбеу, көмек пен қолдаудың болмауы ана мен бала арасындағы берік және сенімді сүйіспеншілікті қалыптастыруға, оның дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Баланың әрбір даму кезеңінде, яғни анасының жүктілігі кезінен бастап, оның қауіпсіздігін ойластырыңыз. Жүкті әйелдің амандығының факторларын және өзіңізде қандай да бір дабыл белгілерін байқаған жағдайда берілетін ұсыныстарды қарастырып көрейік.



ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІҢ АМАНДЫҒЫНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ

- ✓ Жүктілікті жақсы қабылдау, қалаулы әрі жоспарланған жүктілік.
- ✓ Жүкті болудың конструктивті себептері (басқа адамға өзіндік ерекшелігі бар өмір сыйлағысы келу; серіктес-тердің бір-біріне деген махаббатын баламен жалғастыру туралы бірлескен шешімдері ретіндегі жүктілік; ана болуға дайындық).
- ✓ Өз ағзасындағы психофизиологиялық өзгерістерге жақсы ниетпен қарау.
- ✓ Болашақ өмірін жоспарлау және бала тууға дайындалу.
- ✓ Ана атануға психологиялық тұрғыдан дайын болу.
- ✓ Әйел адам денесіне біткен жаңа өмір иесіне мейірімділік танытып, жатырдағы баласымен сөйлеседі және әрекеттеседі.
- ✓ Ананың бала туу және тәрбиелеу мәселесіндегі біліктілігі артады.
- ✓ Дәрігерге уақытылы және тұрақты түрде қаралады.
- ✓ Баланың жынысын қабылдайды.



ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІҢ НАШАР ХАЛІНІҢ ДАБЫЛ БЕЛГІЛЕРІ

- ✓ Ананың жүктілікке деген теріс көзқарасы.
- ✓ Эмоциялық тұрғыдан қанағаттанбау немесе тұрақсыздық күйі.
- ✓ Зиянды әдеттердің болуы.
- ✓ Репродуктивті жүйенің әртүрлі бұзылу формаларының болуы.
- ✓ Қолайсыз өмір жағдайлары мен материалдық ахуал.

- ✓ Отбасында қақтығыс жағдайларының болуы.
- ✓ Кәмелет жасына толмау.



АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

Егер өзіңізде қандай да бір дабыл себептерінің белгісін байқасаңыз, онда бұл көмекке жүгінуді қажет ететін жағдай. Мұндай жағдайда білікті психолог-маманның көмегі қажет болады.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

[illegible]

БАЛАҢЫЗ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ!

Ерте жас – бұл баланың физикалық және психикалық тұрғыдан дамуының өте маңызды әрі жауапты кезеңі. Бұл жаста барлығы алғаш рет болады, енді ғана басталады – сөйлеу, ойнау, құрдастарымен қарым-қатынас жасау, өзі туралы, әлем туралы ойы бірінші рет қалыптаса бастайды.

Өмірінің алғашқы үш жылында ең маңызды әрі іргелі адами қабілеттер – танымдық белсенділік, білуге құмарлық, өзіне сенімділік және басқа адамдарға сенім арту, мақсаттылық пен табандылық, қиялдау, шығармашылық ұстаным және тағы да басқалары қалыптасады. Бұл қабілеттер өздігінен пайда болмайды, олар ересек адамның қатысуымен қалыптасады.

Кішкентай балалардың даму мен үйрену міндеттері олардың әрекет ете алуында, қарым-қатынас жасай алуында және күнделікті тіршіліктегі міндеттерді шеше алуында, сондай-ақ қоршаған әлемді түсіне алуында.

Балаңыз үйренуге және айналасымен қарым-қатынас жасауға дайын болып дүниеге келеді. Сіз балаңызбен қарым-қатынас жасағанда оның миында секунд сайын миллионнан астам жаңа нейрон байланыстары пайда болады. Балаңыздың әр күні даму мен үйренуге деген жаңа мүмкіндіктерге толы және барлық дені сау балалар белгілі бір жасқа қарай жасына қатысты даму нормаларына сай белгілі бір дағдылар мен қабілеттерді меңгеріп алады.



АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

Балаларды ерте дамыту жөніндегі мамандар баланың физикалық және психикалық денсаулығы үшін ең маңызды шарт «ықыласты қарым-қатынас» деп есептейді, ол кезде ата-аналар кішкентай балалардың ауызша және вербалды емес белгілеріне дұрыс жауап қатады, оларға құрмет көрсетіп, махаббатын төгіп, қамқорлық жасайды.

Сіздерге нәресте жасындағы балалардың жақын ересек адамымен қарым-қатынасты бастау және тоқтату үшін қолданатын негізгі әлеуметтік белгілермен танысуға кеңес береміз.



ӘРЕКЕТТЕСТІКKE ШАҚЫРАТЫН БЕЛГІЛЕР:

- ✓ баланың қуанышты эмоциясын білдіретін күлімсіреу;
- ✓ ересек адамның бетіне бейқам қарау;
- ✓ айқайлау (үзілмелі дауысты дыбыстарды қатты айту) гу-гу-леу (бәсең дыбыстар шығару мысалы «кх», «гк» және т.с.с.), гуілдеу (құстардың ән салғанына ұқсас созыңқы дыбыстар шығару, мысалы, «гууллии» және с.с.);
- ✓ көз алмай қарау – ересек адамның бетіне тесіле қарау;
- ✓ таңдану;
- ✓ ырғақты қозғалыстар – басын қимылдату, қол-аяғын ырғыту, арқасын иілту және т.с.с.;
- ✓ денені бос ұстап, қимылсыз жату.



НӘРЕСТЕНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ТОҚТАТҚЫСЫ КЕЛЕТІНІН БІЛДІРЕТІН БЕЛГІЛЕРІ:

- ✓ көзқарасын алып қашу;
- ✓ қабақ түю;
- ✓ жағымсыз дауыстар шығару (шыңғыру, уһлеу және т.с.с.);
- ✓ жылау;

- ✓ кекіру, ықылық ату, құсу;
- ✓ мелшиіп, қатып қалу;
- ✓ қолын басына, құлағына, бетіне апару;
- ✓ бейберекет қозғалыстар жасау, ересек адамды итеру.

Баланың дұрыс дамуы туралы ғылым: физикалық, эмоциялық, әлеуметтік және когнитивтік даму сияқты кешенді тәсілді қамтиды. Балалар ойын арқылы, сондай-ақ күнделікті үй тірлігіне, отбасылық және қоғамдық іс-шараларға қатысу арқылы жақсы үйренеді. Әлбетте, оның дұрыс дамуына ата-аналар мен басқа да маңызды ересектердің қолдауы қажет болады.

Балаңыздың қалай дамып жатқанын көру үшін төменде берілген критерийлер мен даму көрсеткіштерін қолданыңыз. Егер сіздің балаңыз дамудың негізгі көрсеткіштеріне жетпейтінін байқасаңыз, өзіңіздің учаскелік мамандар тобына (патронаттық мейірбике, дәрігер немесе басқа ерте жастағы даму жөніндегі мамандары) хабарласыңыз.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

БӘРІҢЕ СӘЛЕМ, МЕН КЕЛДІМ!

Шақалақ кезеңі (0 – 28 күн)

Нәресте дүниеге келген кездегі бірінші ай — бұл өмірдің ең маңызды кезеңі, өйткені бұл кезеңде ол ана құрсағынан тыс жаңа, ерекше өмір сүру шарттарына бейімделеді. Оның ішек флорасы дамып, қалыпқа келеді, үй микрофлорасына, температура режиміне бейімделіп жатады, емшек ему байланысы орнайды. Ол осы айды ұйқы мен тамақтану арасында өткізеді, оның өз бетінше әлдебір қимылды жасау үшін әзірге күш-қуаты жетпейді, барлық істе анасының көмегі мен назары қажет. Шақалақ кезеңінің аяқталуы нәрестеде алғашқы әлеуметтік реакция ретінде жандандыру кешенінің пайда болуымен сипатталады.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Анасының үніне қимылсыз қарап қалады.
- ✓ Анасының ымына және жымиғанына жауап ретінде өзіне көңіл аударғанын күтеді, жауап қайырады, байланыс орнатылғанына мәз, аяқ-қолдарын қимылдатады, жыламайды.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ «Көзбе көз» байланысқа – көзін жыпылықтатып, аузын ашып, қолдарын қимылдатып жауап қайырады.
- ✓ Анасының қолы тигенде, анасы баланы қолына алғанда, құшағына басқанда – тыныштанып, күліп жауап қайырады.

- ✓ Осы ерте жаста жылау – баланың қарым-қатынасының негізгі түрі. Бастапқыда барлық айқайлар бірдей естіледі, бірақ көп ұзамай сіз аштыққа, ыңғайсыздыққа, көңілсіздікке, шаршауға және тіпті жалғыздыққа байланысты әр түрлі айқайларды тани аласыз. Қандай себеп болмасын, балаңыздың жылауына тыныштандыратын жанасу мен сөзбен жауап беру өте маңызды, бұл сіздің балаңызға сізге сенуді үйренуге көмектеседі.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму)

- ✓ Бала заттарға және жақын адамдарының жүздеріне қарап, қоршаған ортамен танысады.
- ✓ Ол қысқа уақыт дыбыстар мен анасының дауысын немесе музыка тыңдайды
- ✓ Жарықты сезеді және жарық түскен жаққа қарай басын бұра бастайды.
- ✓ Бірінші айдың соңында нәресте анасын танып, оның қарағанына жымыып жауап қайырады.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Балаңыздың қимылы шалт әрі бейберекет.
- ✓ Балаңыздың туа біткен, сору және басқа да рефлекстері бар.
- ✓ Нәрестелердің туа біткен рефлекстері бойынша нәресте аузына немесе ерніне тиген жаққа басын бұрады. Бұл рефлекс балаға емшекті немесе бөтелкені табуға көмектеседі.
- ✓ Сору рефлексі бала сау болып туғанда бірден байқалады. Сәби ернімен емшекті, саусақты, еміздікті ұстап алып, оны ырғақпен сора бастайды, физиологиялық тұрғыдан кәдімгі емізу процесі осылай көрінеді.
- ✓ Уақыт өте келе балаңыз етпетінен жатып басын көтеріп ұстай алатын және оны екі жаққа бұра алатын жағдайға жетеді.

- ✓ Заттарға немесе қозғалыссыз тұрған адамға қарайды. Алдымен адам бетіне немесе жарық түскен жерге қарап қалады да, содан кейін қозғалып бара жатқан нысанды бақылайды.
- ✓ Ұйықтап жатып жымияды.

БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ? (Қимыл/Физикалық даму)

Зерттеу деректеріне сәйкес нәрестелер 24 сағат ішінде 14–17 сағат ұйықтау керек, кейбірі тәулігіне 18–19 сағат ұйықтауы мүмкін. Емізулі балалар жиі, яғни шамамен 2–3 сағат сайын тамақтанатындықтан, олар екі сағат сайын омырау ему үшін ояу болуы керек. Сондықтан олар алғашқы 5–6 апта ішінде 5 сағаттан артық үздіксіз ұйықтамағаны жөн. Жасанды тамақ берілетін балалар шамамен 3–4 сағат, сирегірек тамақтандырылады.



ДАБЫЛ БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ НӘРЕСТЕ КЕЗЕҢІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАР

- ✓ Дірілдеу.
- ✓ Тамақты дұрыс ішпей қою, омыраудан бас тарту.
- ✓ Тынысының жиілеуі.
- ✓ Кекіру және құсу.
- ✓ Дене температурасының $35,5^{\circ}\text{C}$ -ден төмендеуі немесе дене температурасының 37°C -ден жоғарылауы.
- ✓ Буындары мен табанының сарғаюы.
- ✓ Жылау.
- ✓ Метеоризм.
- ✓ Іш қату.
- ✓ Жаялық дерматиті.
- ✓ Ұйқының бұзылуы.



АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

- ✓ Балаңыз біртіндеп өзінің жеке дене температурасын сақтауды үйренеді. Сондықтан ол үшін оңтайлы температура мен ылғал жағдайын жасаңыз. Баланың дене температурасын арагідік өлшеп тұру керек. Дене температурасының қалыпты көрсеткіштері – $36,5-37,5^{\circ}\text{C}$. Сәби үшін артық салқындау аса қауіпті емес, тым қызып кету қауіпті, сондықтан ата-ана баланы тым қымтап тастамауы керек.
- ✓ Қажет етуіне қарай омырау сүтімен тамақтандырыңыз.
- ✓ Ұйықтауға жайлы жағдай жасаңыз (нәрестенің ұйқы ұзақтығы орта есеппен тәулігіне 18–22 сағат).
- ✓ «Қозғалу» қажеттілігін қанағаттандырыңыз: бос орау, уқалау, гимнастика.
- ✓ Баланың тазалығын сақтаңыз.
- ✓ Бала анасына «терісімен» жанасуына мүмкіндік беріңіз.
- ✓ Балаға айналада болып жатқанның бәрін, оған не істеп жатқаныңызды айтып беріңіз, ән салыңыз, бала шығарған дыбыстарды қайталаңыз.
- ✓ Тұрғылықты жері бойынша емханадағы мамандардың (педиатр, невролог, хирург, офтальмолог және т.б.) міндетті, жоспарлы, профилактикалық тексеруі.

Балаңыз күн сайын дамиды және осы ерте кезеңде «беру және беруді қайтару» сияқты баламен әрекеттесу механизмін пайдалану өте маңызды. Бұл өз алдына бір ойын, бұл кезде бала «береді» – яғни күледі, былдырлайды, ишара көрсетеді, ал ересек «беруді қайтарады» – бала істеген нәрсені қайталап көрсетеді. Бала дыбыс шығарса, сіз де дәл сол дыбыспен жауап бересіз. Баламен қарым-қатынас жасаудың маңызы зор және мұның дыбыс, ишарат немесе сөйлеу тілі арқылы жасалғаны маңызды емес, маңыздысы – бұл мидың қалыптасуы мен баланың жақсы дамуына жақсы әсер ететінінде.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

[illegible]

«ГУЛИ-ГУЛИ»

2–4 айдағы бала



Балаңыздың кішкентай саусақтары сіздің саусақтарыңызды ұстап алғанын немесе жұдырық түйіп алғанын көрген шығарсыз? Немесе балаңыз қатты дыбыстан шошитынын байқаған боларсыз? Балаңыз туғанда осы және басқа да рефлексстер болған, олар уақыт өте келе онша байқалмай қалады. Сіз балаңызбен бірге үйренесіз, осы арқылы оның қашан аш немесе тоқ екенін білетін боласыз.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Аз уақытқа өз-өзін жұбатуы мүмкін (саусағын сорады).
- ✓ Ересек адамның сөйлегеніне қарап күледі.
- ✓ Ата-анасына қарауға тырысады.
- ✓ Бала шығарған үн барған сайын айқын бола түседі.
- ✓ Қасында тұрған нысандарға қадала қарай алады.
- ✓ Үш айдың соңына қарай қозғалып бара жатқан нысанды бақылай алады.
- ✓ Балаңыз сіздің дауысыңызды ұнатады, сондықтан сөйлесіңіз, былдырлаңыз, ән айтыңыз және гүрілдеңіз. Балаңыз әлденені дауыстап жатқанын естісеңіз, оны қайталаңыз да ол тағы бір рет айтқанын күтіңіз.
- ✓ Перзентханадан шығар алдында нәрестеңіздің есту қабілетін тексерген болар. Егер тексермесе, онда барынша тезірек тексерту керек.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ Гуілдейді.
- ✓ Басын дыбыс шыққан жаққа бұрады.
- ✓ Баланың жылауы мақсатты бола бастайды, сондықтан оның ашыққан, шаршаған және басқа да қажеттіліктері кезіндегі жылауында айырмашылық болады.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму)

- ✓ Түрге назар аударады.
- ✓ Әртүрлі жарқын заттар қызықтырады.
- ✓ Көздерімен заттарды бақылай бастайды, адамдарды қашықтан танып қояды.
- ✓ Шаршау белгілерін көрсетеді (жылайды, қырсығады).
- ✓ Қатты дыбыстарға құлақ асады, дірілдейді.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Басын көтеріп ұстай алады, етпетінен жатып оны көтере бастайды.
- ✓ Қолдарын және аяқтарын біркелкі қимылдатады.
- ✓ Нәрестенің кейбір рефлекстері жоғалып кетеді.
- ✓ Мойын еттері күшейіп, басын шайқайды, содан кейін тік ұстайды.
- ✓ Қолын немесе заттарды аузына апарады.
- ✓ Қолға қарайды.
- ✓ Қолын жұмып, ашады.

БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ? (Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ 3 айға дейінгі нәрестелер тәулігіне 14–17 сағат ұйықтауы керек, оның 7–8 сағатын күндіз ұйықтауға тиіс.
- ✓ Нәрестелердің көбі күнделікті ұйқы режиміне үйреніп алады: күндіз екі немесе үш рет қысқа уақыт ұйықтап, түнгі емізуден кейін «түні бойы» ұзақ ұйықтайды.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Қатты естілген дыбыстарды елемейді.
- ✓ Қозғалатын заттардың артынан қарап тұрмайды.
- ✓ Адамдарға күлімсіремейді.
- ✓ Қолын аузына апармайды.
- ✓ Етпетінен жатып, итерілгенде басын ұстай алмайды.
- ✓ Ұйқысы жоқ.
- ✓ Салмақ қоспайды.



БАЛАМА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫН?

- ✓ Балаңыздың асқазаны әлі кішкентай және оның омырау еметініне немесе бөтелкеден тамақтанатынына қарамастан, ол тамақтану кезінде әрдайым ауа жұтатынын естен шығармаңыз. Бұл асқазанның тез толып, тойыну сезімі әлдеқайда ерте байқалуына алып келеді. Осының салдарынан бала ашуашаң әрі мазасыз болуы мүмкін. Оған қоса, асқазанға жиналған ауа ішті түюі мүмкін. Сондықтан тамақтандыру кезінде аздап үзіліс жасап тұру керек, сондай-ақ бала жайсыздық тудыратын газдарды шығару үшін кекіруі керек.
- ✓ Теріге тері жанасу байланысы (немесе кенгуру әдісі) сәбиіңізге тыныштануға көмектеседі. Адамның беті – әсіресе оның өзінің немесе ата-анасының беті оның ең қатты ұнататын нысандарының бірі. Балаңызды бетіңізге тақап, оның көзіне қараңыз. Бала төсегі үшін балаңыздың көз деңгейінде қауіпсіз айна орнату балаңыздың осы кезеңдегі дамуына пайдалы болуы мүмкін.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

[illegible]

ЗЕР САЛЫП ҚАРАУДЫ ҮЙРЕНЕМІЗ

4–6 айдағы бала

Бұл жаста балаңыз әлемді белсенді түрде тани бастап, қоршаған ортасымен араласуды үйренеді. Оның жаңа қажеттіліктері мен эмоциялық реакциялары пайда болады. Ол енді іш түюден ма-засызданбайды, сондықтан түнде жақсы ұйықтап, күндіз көбірек ояу жүреді. Оның сүйікті ойыншықтары мен әндері болады.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ? (Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Адамдарға қарап, өздігінен күледі.
- ✓ Өзімен сөйлескендердің әрекеттеріне жауап қайтарады, қатты күледі.
- ✓ Қимылдар мен мимикаға еліктейді, мысалы күледі немесе қабақ түйеді.
- ✓ Адамдармен ойнағанды ұнатады және ойынды тоқтатқан-да жылап қалуы мүмкін.
- ✓ Дәм мен иісті сезеді.
- ✓ Осы жастағы сәби бірнеше айдан бұрынғы жағдайына қа-рағанда алыстағы заттарды жақсы көре алады. Әдетте ол көзін сығырайтпастан жақсы көре алады және әртүрлі тү-стерді ажыратады.
- ✓ Домалап бара жатқан доптың траекториясын және қасын-да тұрған адамның жылдам қимылын бақылай алады.
- ✓ Қол мен көз координациясы жақсарады. Балаңыз енді бір затқа біраз уақыт қарап тұрып, содан кейін соған қарай баяу созылады.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ Дыбыстық реакциялар: уілдеу.
- ✓ Былдырлайды және естілген дыбыстарды салуға тырысады.
- ✓ Ашыққанда, шаршағанда немесе ауырсынғанда әртүрлі жылайды.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму)

- ✓ Қуанғанын немесе жабырқау болғанын түсінуге белгі береді.
- ✓ Бауыр басуға жауап қайырады.
- ✓ Бір қолымен ойыншықты ұстауға тартылады.
- ✓ Көз бен қол қимылдарын үйлестіреді, мысалы ойыншықты көріп, соған қарай ұмтылады.
- ✓ Көздерімен бір беттен екінші бетке қимылдаған заттарды бақылап қарайды.
- ✓ Түрге мұқият қарайды.
- ✓ Таныс заттар мен адамдарды қашықтан таниды.
- ✓ Дыбыс шыққан жерді көзімен тауып алады, басын бұрады.
- ✓ Өз атын тани бастайды.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Ешкімнің көмегінсіз басып берік ұстай алады.
- ✓ Қатты бетте тұрғанда аяқтарымен итеріледі.
- ✓ Ішпен жатып, арқасына аударыла алады.
- ✓ Ойыншықты ұстап, сілкілей алады, сондай-ақ асылып тұрған ойыншықтарды тербелте алады.
- ✓ Қолын аузына апарады.
- ✓ Етпетінен жатып, шынтақтап көтеріледі.
- ✓ Әлденеден ұсталып, бүкірейіп отырады.
- ✓ Екі аяғына тұрып, денесін ұстай алады.

БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ? (Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Осы жастағы көптеген балалар тәулігіне 12–16 сағат ұйықтайды.
- ✓ Түнгі ұйқысы созыла бастайды.
- ✓ Күндіз кемінде 2 рет ұйықтайды.

Шамамен 6 айда балаңыз тез өсе бастайды және энергетикалық құндылығы жоғары және құнарлылығы жоғары тамақты

көбірек жей бастайды. Қосымша тамақ беретін уақыт жетті! Қосымша тамақ бере бастау үшін маманнан (патронаттық медбике, педиатр дәрігерден) кеңес алыңыз.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Қозғалатын заттардың артынан қарап тұрмайды.
- ✓ Адамдарға күлімсіремейді.
- ✓ Басын тұрақты ұстай алмайды.
- ✓ Былдырламайды немесе дыбыс шығармайды.
- ✓ Заттарды аузына апармайды.
- ✓ Көзге тікелей қарамайды.
- ✓ Қатты беттен аяғымен итерілмейді.
- ✓ Барлық бағытта бір немесе екі көзінің қозғалуы қиын.
- ✓ Дыбыстарды елемейді.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

«АНАШЫМ, МЕН СЕНІ ТАНЫП ҚОЙДЫМ!»

6–9 айдағы бала

Балаңыз жеке-дара қимылдай бастайды, қозғалуды, еңбектеуді немесе жүруді үйренеді. Бұл кезеңде бала жанасу арқылы әлемді таниды және бәрін қолымен, содан кейін аузымен зерттей бастайды. Балаңызға үйіңіз бен аулаңыздың текстурасы мен бетін зерттеуге мүмкіндік беріңіз. Қасында бала жарақаттануы мүмкін ыстық, өткір немесе басқа да қауіпті заттар жоқ екеніне көз жеткізіп алыңыз.



БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Таныс адамдарды таниды және бейтаныс адамдарды біле бастайды.
- ✓ Басқа адамдармен, әсіресе жақындарымен және балалармен ойнағанды ұнатады.
- ✓ Басқа адамдардың эмоцияларына жауап береді және үнемі бақытты кейіпте көрінеді.
- ✓ Өзін айнадан көргенді ұнатады.
- ✓ Кітаптағы суреттерге, әсіресе таныс суреттерге қарауды ұнатады.
- ✓ Күле алады, талап ете алады, ренжи алады, қуана алады, дауыс екпінін өзгертеді.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ Жақын маңдағы заттарға тексеріп қарайды.
- ✓ Заттарға қызықтап қарайды, қолы жетпейтін жерде тұрған заттарды алуға тырысады.
- ✓ Заттарды аузына апарады.
- ✓ Заттарды бір қолынан екінші қолына ауыстыра бастайды.
- ✓ Қозғалатын заттарға оңай бақылап қарайды.
- ✓ Дыбыстың қайдан шыққанын түсініп, жаңадан шыққан дыбыстар жаққа тез бұрылып алады.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму)

- ✓ Жақын маңдағы заттарға тексеріп қарайды.
- ✓ Заттарға қызықтап қарайды, қолы жетпейтін жерде тұрған заттарды алуға тырысады.
- ✓ Заттарды аузына апарады.
- ✓ Заттарды бір қолынан екінші қолына ауыстыра бастайды.
- ✓ Қозғалатын заттарға оңай бақылап қарайды.
- ✓ Дыбыстың қайдан шыққанын түсініп, сол жаққа тез бұрылып қарайды.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Қолынан түсіп қалған ойыншықты оңай көтеріп алады.
- ✓ Қасықтағы тағамды аузымен алады.
- ✓ Екі жаққа да аунайды (ішінен арқасына, арқасынан ішіне).
- ✓ Тұрып, салмағын аяғына түсіреді де тепе-теңдік ұстай алады.
- ✓ Тіреумен отыра бастайды.
- ✓ Алға-артқа теңселеді, кейде алға жүрмей тұрып, артқа сырғиды.

БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Осы жастағы көптеген балалар тәулігіне 12–14 сағат ұйықтайды, оның 9-12 сағатын түнде ұйықтайды.

- ✓ Ұйқы проблемалары алты айдан асқан балалардың көпшілігінде кездеседі.
- ✓ Ұйқының кері кетуі дамудағы серпілістерге тән. Ұйқының кері кетуі — бұл кезде бұрын жақсы ұйықтаған балалар әрең ұйықтайды, түнде оянып алады немесе ұйықтамай қояды.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Қолы жететін жердегі заттарға қол жеткізуге тырыспайды.
- ✓ Өзіне күтім жасайтын адамдарға бауыр басу сезімін көрсетпейді.
- ✓ Айналадағы дыбыстарға алаңдамайды.
- ✓ Атын атағанда қарамайды.
- ✓ Заттарды аузына апаруда қиналады.
- ✓ Жұмсақ ойыншық сияқты енжар көрінеді.
- ✓ Дауысты дыбыстар шығармайды.
- ✓ Ешбір бағытта аунамайды.
- ✓ Күлмейді немесе шиқылдаған дыбыстар шығармайды.
- ✓ Өте қобалжулы көрінеді.



БАЛАМА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫН?

- ✓ Балаңызбен сөйлесіңіз. Сіздің дауысыңыз оны жұбатады.
- ✓ Балаңыз үн шығарғанда дыбыстарды қайталай отырып, сөздер қосып жауап беріңіз. Бұл әрекет оған тілді үйренуге көмектеседі.
- ✓ Балаңызға кітап оқып беріңіз. Бұл оған тіл мен дыбыстарды түсінуге көмектеседі.
- ✓ Балаңызға ән айтыңыз, дыбыстарды ойнап беріңіз. Бұл балаңызға музыкаға деген сүйіспеншілігін дамытуға көмектеседі және оның миының дамуына көмектеседі.

- ✓ Балаңызды мақтаңыз және оған көп мейірім төгіңіз.
- ✓ Балаңызды қолға алып, құшақтап уақыт өткізіңіз. Бұл оған қамқорлық пен қауіпсіздікті сезінуге көмектеседі.
- ✓ Бала сергек әрі жайбарақат болғанда онымен ойнаңыз. Балаңыз ойыннан демалу үшін оның шаршауын немесе маза-сыздануын мұқият бақылаңыз.
- ✓ Балаңызды ойыншықтармен алаңдатыңыз және ол қозғалып, тиісуге болмайтын заттарға тиісе бастағанда, оны қауіпсіз жерге көшіріңіз.
- ✓ Баланың белсенділігі мен демалысын, ұйқысы мен тамақтануын кезектестіре отырып, жеке қажеттіліктерін ескеріңіз.
- ✓ Өзіңіздің физикалық, ақыл-ой және эмоциялық күйіңіздің қамын жасаңыз. Тәрбие ауыр іс болуы мүмкін! Өзіңізді жақсы сезінгенде балаңыздан рақаттанып, шаттыққа бөленіп, оны жақсы көретін ата-ана болу оңай болмақ.
- ✓ Ана мен бала қатынасын неғұрлым ұзақ сақтауға тырысыңыз.

ТАМАҚТАНДЫРУ КЕЗІНДЕ:

- ✓ Баланың белгілеріне көңіл бөліңіз.
- ✓ Тамақтандыру кезінде шыдамды болыңыз, баланы асықтырмай, оңтайлы жылдамдықты сақтаңыз.
- ✓ Баланың еркін қозғалуына жағдай жасаңыз.
- ✓ Тамақтандырғанда тамақты қасықпен аз мөлшерде алыңыз.
- ✓ Мамандардың қосымша тамақ беру жөніндегі ұсыныстарын сақтаңыз.



БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

- ✓ Балаңызды ешқашан сілкілемеңіз! Баланың бұлшықеттері, мойны өте әлсіз, сондықтан басын ұстап тұра алмайды. Егер балаңызды сілкіп жіберсеңіз сіз оның миына зақым келтіресіз немесе тіпті өліп те кетуі мүмкін.

- ✓ Балаңыз бен отбасыңызды шылым түтінінен қорғаңыз. Үйіңізде ешкімге шылым шегуге рұқсат бермеңіз.
- ✓ Ол машинамен жүретін болса, артқы орындықтағы бала орындығына салып қойыңыз.
- ✓ Балаға оңай жұтып қоюы мүмкін ұсақ ойыншықтармен және басқа да заттармен ойнауға мүмкіндік бермеңіз.
- ✓ Баланың қасында немесе оны қолға алып жүргенде ыстық сұйықтықтарды немесе тамақтарды көтеруші болмаңыз.
- ✓ Вакциналар (екпелер) сіздің денсаулығыңыз бен балаңыздың қауіпсіздігі үшін маңызды.
- ✓ Омырау сүті балаңыздың алғашқы 6 айында балаңыздың бүкіл қажеттіліктерін қанағаттандырады. 6 мен 12 айлығында балаңыз жаңа дәмдермен және пайдалы қатты тағамның текстураларымен танысады, бірақ омырау сүті әлі де негізгі тағам көзі болып қала беруі керек.
- ✓ Баланың ұйқы, тамақтану және сергек жүру режимін сақтаңыз.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

«АНА», «АТА»

9–12 айдағы бала

Балаңыз көп нәрсені үйренеді және қоршаған әлемге және адамдарға қызыға қарайды. Енді балаңыз өз қолын тіреу ретінде пайдаланып, қаз-қаз тұра бастайды. Кейбір балалар бірнеше қадам да жасай бастайды.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Бейтаныс адамдардан қорқуы мүмкін.
- ✓ Жақын ересек адамдарына «жабысып алуы» мүмкін.
- ✓ Бала мен ата-ананың арасында белгілі бір байланыс қалыптаса бастайды.
- ✓ Оның сүйікті ойыншығы бар.
- ✓ Тыйым салып жатқанын түсінеді, алайда оған көнгісі келмейді, егер қатты талап етсе, жылап қалуы мүмкін (қарсы шығып, ренжіп қалады).

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ «Жоқ» деген сөзді түсінеді.
- ✓ Көптеген әртүрлі дыбыстар шығарады, мысалы, «мамамама» немесе «бабабаба».
- ✓ Басқа адамдардың дыбыстары мен ымдарына еліктейді.
- ✓ Сұрақтарға жануарлардың дауыстарын салып жауап береді (мысалы, «Сиыр не дейді?»).
- ✓ Затқа нұсқау үшін саусағын пайдаланады.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму)

- ✓ Заттың құлау траекториясын бақылайды.
- ✓ Сіз тығып қойған заттарды іздейді.

- ✓ «Ку-ку (тығылмақ)» ойнын ойнайды.
- ✓ «Қайда?» деген сұраққа белгілі бір затты көп заттың ішінен тауып алып шығады.
- ✓ Заттарды аузына салады.
- ✓ Заттарды бір қолынан екінші қолына біртіндеп ауыстырады.
- ✓ Музыка ырғағымен қозғалады.
- ✓ Бас бармағымен және сұқ саусағымен ұсақ хаттарды ұстап көтере алады.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Тік тұрады.
- ✓ Өздігінен отыра алады.
- ✓ Жорғалайды. Отырған күйіне ауыса алады.
- ✓ Тұруға талпынады.
- ✓ Тіреуден ұстап жүреді.
- ✓ Ыдысты қолымен ұстап, одан сусын іше алады.
- ✓ Саусақтарымен тамақты және ұсақ заттарды ала алады.



БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ? (Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Баланың ұйқы проблемалары алты айдан асқан балалардың көпшілігінде кездеседі.
- ✓ Кейбір балалар айырылудан үрейленуі айқайлауы немесе түнде жылауы мүмкін, ал анасы не әкесі бөлмеге кіргенде тынышталады. Бұл қалыпты даму жағдайы. Егер бұл жағдай басқа да ояну кездеріндегідей орын алса, баланың жұбанғанын күтіңіз.
- ✓ Осы жастағы көптеген балалар түнде 9–12 сағат, жалпы алғанда тәулігіне 12–16 сағат ұйықтайды.
- ✓ Көбінесе бала бұрынғысынша күндіз ұйықтайды. Кейбір балалар 30 минут ұйықтаса, енді біреулері 2 сағатқа дейін ұйықтайды.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Тіреуден ұстап тұрса да, өз салмағын аяғымен көтермейді.
- ✓ Отырмайды.
- ✓ Былдырламайды.
- ✓ Кезекпен орындалатын әрекеттерді қамтитын ойындар ойнамайды.
- ✓ Атын атағанда жауап қайырмайды.
- ✓ Таныс адамдарды танымайды.
- ✓ Сіз көрсеткен затқа қарамайды.
- ✓ Ойыншықтарды бір қолынан екінші қолына ауыстырмайды.



БАЛАМА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫН?

- ✓ Балаңызға ертегіні күнде оқып беріңіз.
- ✓ Балаңыз әлдебір нәрсені саусағымен көрсетсе, сол затты оған берерде заттың атын атаңыз.

- ✓ Баланы жиі көтеріп, құшақтаңыз.
- ✓ Ұйықтар алдында белгілі бір әрекеттерді әдетке айналдырыңыз: баланы құшақтаңыз, тербетіп тыныштандырыңыз.
- ✓ Балаға қозғалатын ойыншық беріңіз (мысалы, доп немесе машина).



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

ТОП, ТОП, АЯҚ БАСАМЫЗ...

Бала 1 жаста

Бір жастан асқан соң, баланың өсу қарқыны баяулайды. Егер бала әлі жүрмесе, онда ол енді жүре бастайды. Жүріс оған бұрын қолжетімді болмаған аймақтарды зерттеуге және тәуелсіз болуға мүмкіндік береді.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасағанда маза-сызданады және жатырқайды.
- ✓ Анасы немесе әкесі шығып кеткенде жылайды.
- ✓ Оның сүйікті жақын адамдары мен заттары бар.
- ✓ Кейбір жағдайларда шошиды.
- ✓ Өзіне ертегі оқып беруін қалағанда, сізге кітап әкеп береді.
- ✓ Дыбыстар мен қимылдарды қайталап, өзіне назар аудартады.
- ✓ Киінгенде қолын немесе аяғын созып көмектеседі.
- ✓ «Ку-ку» ойындарын ойнайды.
- ✓ Сәби белсенді түрде қарсылық білдіріп, қызғанып, ашуланып, ренжіп, қыңырлық көрсете алады.
- ✓ Өзін мақтап жатқандарын жақсы түсінеді және солай болғанын ұнатады.
- ✓ Қызықты көріністерге күледі.
- ✓ Өз көңілін білдіре алады.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ?

(Тіл/Қатынас)

- ✓ Қарапайым ауызша өтініштерге жауап қайырады. Ересектердің қарапайым өтініштерін орындайды.
- ✓ Қарапайым ишараларды пайдаланады, мысалы, қарсылық білдіргенде басын шайқайды, «сау бол» деп қолын бұлғайды.

- ✓ Дыбыс тондарын өзгертеді (шығаратын дыбыстары сөздерге көбірек ұқсай бастайды).
- ✓ «Ана», «әке» деп айтады, қысқаша лепті «ух-ох» сөздерін айтады.
- ✓ Сіз айтқан сөзді қайталауға тырысады.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму)

- ✓ Заттарды әртүрлі тәсілмен зерттейді: шайқайды, лақтырады, соғады.
- ✓ Жасырылған заттарды таба алады.
- ✓ Аты аталған суретке немесе затқа қарайды.
- ✓ Ымға еліктейді.
- ✓ Заттарды қорапқа салады және қораптан шығарады.
- ✓ Бір затты екіншісіне ұрғылайды.
- ✓ Заттарды дұрыс пайдалана бастайды, мысалы кеседен ішеді, тарақпен шаш тарайды.
- ✓ Қолындағы заттарды өздігінен жібере салады.
- ✓ Заттарды сұқ саусағымен көрсетеді.
- ✓ Қарапайым нұсқауларды орындайды, мысалы, «ойыншықты көтер».
- ✓ Бөлме ішінде жақсы бейімделеді.
- ✓ Сюжетті ойындардың алғашқы көріністері пайда болады: жүргізеді, тамақтандырады, қуыршақты әлдилейді.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Өздігінен отыра алады.
- ✓ Өздігінен тұра алады.
- ✓ Тұруға, жиһаздан ұстап жүруге талпынады, кейбіреуі еш тіреусіз өздігінен жүре алады.
- ✓ Өздігінен немесе ересектердің өтініші бойынша ойыншықтармен дағдылы әрекеттерді қайталайды (сырғытады, жүргізеді, тамақтандырады және т.б.).
- ✓ 15 айға толғанда өз бетінше жүріп, жүгіре бастайды.
- ✓ Екі-үш бөліктен тұратын басқатырғыштарды құрастырады

- ✓ Бормен немесе қарындашпен сурет салады, сондай-ақ түзу сызық немесе шеңбер сала алады.
- ✓ Негізінен саусағын сорып жүреді.
- ✓ Қарапайым киімді киіп, шешуге көмектесуі мүмкін (мысалы, түйме мен ысырмалары бар киімді).

БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ? (Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ 1 жастан 2 жасқа дейін көптеген балаларға тәулігіне шамамен 11–14 сағат ұйқы, соның ішінде бір не екі сағат күндізгі ұйқы қажет.
- ✓ Бала айналасын күннен күнге жақсы тани бастайды, сондықтан алаңдататын факторлар оның ұйықтауына кедергі келтіруі мүмкін. Ұйықтар алдындағы қарапайым әрі жүйелі күн тәртібі ата-анаға сәбиді ұйықтатуына көмектесе алады.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Еңбектемейді.
- ✓ Тіреуден ұстап, аяғында тұра алмайды.
- ✓ Сіз оның көзінше жасырған заттарды іздемейді.
- ✓ Заттарды саусағымен көрсетпейді.
- ✓ Бас изеу және «сәлем» сияқты қимылдарды үйренбеген.
- ✓ «Ана» және «әке» сияқты қарапайым сөздерді қолданбайды.
- ✓ Бұрын істеген әрекеттерін жасауды ұмытып қалады.





БАЛАМА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫН?

- ✓ Сәбиге кітап оқып беріңіз, бірге суреттерді қарап, талқылаңыз.
- ✓ Баладан өзіңізге затты тауып беруін немесе дене бөліктері мен заттарды көрсетуін сұраңыз.
- ✓ Оны жаңа нәрсені зерттеуге немесе қолданып көруге ынталандырыңыз.
- ✓ Сәбимен сөйлесіп, оның тілін дамытуға көмектесіңіз.
- ✓ Балаға өзі киінуге және тамақтануға мүмкіндік беріп, өсіп келе жатқан тәуелсіздігін көтермелеңіз.
- ✓ Қалаған мінезіне көбірек жауап беріңіз, қаламаған мінезіне көңіл бөлмеңіз. Бала бұның орнына не істеу керектігін үнемі айтып отырыңыз немесе көрсетіңіз.
- ✓ Сәбиіңізбен бірге саябаққа серуендеуге барып, оның білуге құмарлығын және кәдімгі заттарды тануын ынталандырыңыз.
- ✓ Сәбимен бірге барынша жиі тамақтаныңыз.

ӘДЕП ДАҒДЫЛАРЫНА ҮЙРЕТУ КЕЗІНДЕ:

- ✓ Баланы түбекке күштеп отырғызып, түбекте қинап ұстамаңыз.
- ✓ Бұтына жіберіп қою және нәжіс шығару процестеріне байланысты жағымсыз сөздер айтпаңыз.
- ✓ Баланың денесіне, интимдік жерлеріне тигенде қатты шалт қимыл жасамаңыз.



БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

- ✓ Сәбиді судың (мысалы, ванна, бассейн, құдық, көл, су иірімі немесе мұхит) жанында бақылаусыз ҚАЛДЫРМАҢЫЗ.

- ✓ Көлікжай немесе жертөле сияқты қауіпті жерлердің есіктерін жауып қойыңыз, баспалдақты қоршап қойыңыз.
- ✓ Баланың терезеден, төсектен және басқа жерлерден құлап кетпеуін қамтамасыз етіңіз
- ✓ Үйіңіздегі электр розеткаларының барлығын тығынмен жауып, үйіңіз қорғалғандығына көз жеткізіңіз.
- ✓ Ас құралдарын, үтіктерді және жылытқыштарды, өткір заттарды сәбидің қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Кәстрөлдің тұтқаларын плитаның артқы жағына бұрып қойыңыз.
- ✓ Қайшы және қаламсап сияқты өткір әрі үшкір заттарды қауіпсіз жерде сақтаңыз.
- ✓ Дәрілерді, тұрмыстық тазартқыш құралдар мен уларды құлыптап қойыңыз.
- ✓ Сәбиді кез келген көлік құралының ішінде (яғни, автокөлікте, жүк немесе фургон көлігінде) тіпті бірнеше секундқа болса да қалдырушы БОЛМАҢЫЗ.
- ✓ Кез келген қаруды қол жетпейтін қауіпсіз жерде сақтаңыз.
- ✓ Балаға сіріңкемен және ұсақ заттармен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- ✓ Бала терезеден құлап кетпеуі үшін, оны терезеден алшақ ұстаңыз.
- ✓ Баланың айналасында қауіпсіз орта жасаңыз (кішкентай балада пәтерден/үйден өз бетінше шығып кету мүмкіндігінің болмауы керек; жабық терезелер (арнайы фурнитураларды пайдалану); қозғалмайтын әрі бекітілген ауыр/қауіпті интерьер заттары (бала үстіне теледидарды, аквариумды, триумфалды арканы құлатып алмайтын болуы шарт); электр тогының қолжетімді болмауы (жабық розеткалар, қосылыстар және сол сияқты басқа да заттар); қауіпсіз үй жануарлары; химиялық және дәрілік заттардың қолжетімді жерде болмауы.
- ✓ Көлікке орнатылатын бала орындығын барынша ұзағырақ артқы орындықта ұстаңыз.
- ✓ 18 айға толмаған экран уақытын шектеңіз.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

[illegible]

СЕЗУДІ ЖӘНЕ ЭМОЦИЯ БІЛДІРУДІ ҮЙРЕНЕМІЗ

Бала 1,5 жаста

Балаңыз 18 айдан асты. Бала қарапайым оқиғалардың ретін түсіне бастайды, қимылы қарқынды дамиды, алғашқы сөздерді айта бастайды.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Ойын ретінде басқа заттарды басқа адамдарға бергенді ұнатады.
- ✓ Есірігі ұстауы мүмкін.
- ✓ Бейтаныс адамдардан қорқуы мүмкін.
- ✓ Таныс адамдарына бауыр басушылығын көрсетеді.
- ✓ Әзілдеп ойнайды, мысалы, қуыршағын тамақтандырады.
- ✓ Өзі үшін жаңа жағдайларда ата-анасына жабысып алады.
- ✓ Әлдебір қызық нәрсені басқаларға көрсету үшін сау-сағымен нұсқайды.
- ✓ Ата-анасы қасында болғанда, айналасын өз бетінше зерттейді.
- ✓ Эмпатия таныта бастайды – бала сезінуді, эмоциясын білдіруді, оларды басаларға көрсетуді үйренеді.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ Бірнеше қарапайым сөзді айтады.
- ✓ Бас тартқанда басын шайқайды және «жоқ» деп айтады.
- ✓ Өз қалаған нәрсесін басқаларға көрсету үшін саусақпен нұсқайды.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму)

- ✓ Қарапайым заттардың не үшін пайдаланылатынын біледі, мысалы, телефон, тарақ, қасық.
- ✓ Дене мүшелерін саусақпен көрсетеді.
- ✓ Қуыршақты немесе жұмсақ ойыншығын «тамақтандырғысы» келіп, қызығушылығын көрсетеді.
- ✓ Назар аударту үшін саусақпен көрсетеді.
- ✓ Өз бетінше сурет салады.
- ✓ Ыммен көрсетілмеген, қарапайым ауызша өтініштерді орындайды, мысалы, сіз «Отыр» десеңіз, отырады.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Өзі жүреді.
- ✓ Жүгіре алады және баспалдаққа көтеріле алады.
- ✓ Жүргенде ойыншығын сүйретіп жүреді.
- ✓ Шешіндіру кезінде көмектесе алады.
- ✓ Кесемен сұйықтық іше алады.
- ✓ Қасықпен тамақ жейді.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Басқа адамдарға заттарды нұсқап көрсетпейді.
- ✓ Жүре алмайды.
- ✓ Таныс заттар не үшін қолданылатынын білмейді.
- ✓ Басқаларға еліктемейді.
- ✓ Тіліне жаңа сөздерді енгізбейді.
- ✓ Сөйлегенде кем дегенде 6 сөз қолданбайды.
- ✓ Ата-ана кетіп, қайтып келгенін байқамайды немесе көңіл аудармайды.
- ✓ Бұрын істей алатындарын ұмытып қалады.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

ӨМІРІМІЗ НЕ? ОЙЫН!

Бала 2 жаста

Сәбиіңіз өсіп, киіну/шешіну сияқты күнделікті тірлікте өз бетінше әрекет ете бастайды. Ол енді қарым-қатынаста үлкен жетістіктерге жетіп, екі сөзден тұратын қарапайым сөздерді пайдалана алады.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Басқа адамдарға, әсіресе ересектерге және үлкен балаларға еліктейді.
- ✓ Басқа балалармен ойнағанда қоза түседі.
- ✓ Барынша өз бетінше әрекет ете бастайды.
- ✓ Арандатады (өзіне рұқсат етілмеген нәрсені істеу арқылы).
- ✓ Негізінен басқа балалардың қасында ойнайды, бірақ ойынға басқа балаларды қоса бастайды, мысалы, олармен қуаласпақ ойнайды.
- ✓ Балалар ата-анасының кетіп бара жатқанын көрсе, бұрынғыша алаңдамайды.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ Аталған заттар мен суреттерді көрсетеді.
- ✓ Дене мүшелерін және таныс адамдарды біледі.
- ✓ 2–4 сөзден сөйлем құрай алады.
- ✓ Қарапайым нұсқауларды орындайды
- ✓ Әңгіме барысында естіген сөздерін қайталайды.
- ✓ Кітаптағы заттарды көрсетеді.
- ✓ Өз басынан өткен оқиғалардың желісіне қарай қысқаша әңгімелерді түсіне алады.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму)

- ✓ Екі не үш жапқыш астына жасырылған заттарды тауып алады.
- ✓ Заттарды түсі мен пішініне қарай сұрыптай бастайды.
- ✓ Таныс кітаптарындағы сөздерді және тақпақтарды аяқтайды.
- ✓ Қарапайым ойындарды ойнай алады.
- ✓ 4 және одан көп текшелерден мұнара жасайды.
- ✓ Бір қолын екіншісінен жиі пайдаланады.
- ✓ 2 қадамнан тұратын нұсқауларды орындайды: «Туфлиді көтер де, шкафтың ішіне қой».
- ✓ Суреттері бар кітаптағы заттардың атын атайды, мысалы, мысық, ит, құс.
- ✓ Ойын барысында өзара байланысқан әрекеттер тізбегін қайталайды (қуыршақты шомылдырып, сүртеді).

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Аяғының ұшына тұрады.
- ✓ Аяғымен допты тебеді.
- ✓ Жүгіре бастайды.
- ✓ Баспалдақтың шарбағынан ұстап, баспалдақпен көтеріліп, қайта түседі.
- ✓ Жиһазға өз бетінше мініп, түседі.
- ✓ Допты жоғарыдан төменге лақтырады.
- ✓ Түзу сызықтар мен шеңберлерді салады немесе көшіріп қайталайды.
- ✓ Ересектердің көмегімен бірен-саран киімдерін өзі кие алады.



БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ? (Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ 2 жастан бастап көптеген балаларға тәулігіне шамамен 10–12 сағат ұйқы, соның ішінде бір не екі сағат күндізгі ұйқы қажет.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Қасық, шанышқы, тарақ, телефон сияқты қарапайым заттармен не істеу керектігін білмейді.
- ✓ Сөздер мен әрекеттерге еліктемейді.
- ✓ Көзіңізге қарамайды және құшақтамайды.
- ✓ Ишаратты пайдаланбайды және сөйлескенде саусағымен көрсетпейді.
- ✓ Қарапайым нұсқауларды орындамайды.
- ✓ 2 сөзден құралған сөз тіркестерін қолданбайды (мысалы, «сүт ішу»).
- ✓ Нық жүрмейді.
- ✓ Бұрын істей алатындарын ұмытып қалады.



БАЛАМА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫН?

- ✓ Баламен бірге кітап оқуға арнайы уақыт бөліңіз.
- ✓ Балаға рөлді сомдауды ұсыныңыз.
- ✓ Парад ойнаңыз немесе жетекшінің артынан баламен бірге еріңіз.
- ✓ Баланы серуендеуге алып шығып, айналасындағы заттарды зерттеуге көмектесіңіз.
- ✓ Баланы өз атын айтуға және жасын айтуға ынталандырыңыз.
- ✓ Балаға қарапайым өлеңдерді немесе балаларға арналған тақпақтарды үйретіңіз.
- ✓ Балаға назар аударыңыз және ол нұсқауларды орындағанда және жақсы мінез көрсеткенде оны мақтаңыз, жайсыз

мінезіне, мысалы есірігі ұстағанына екпін жасамаңыз. Баланың көңілі түсіп кеткенін дұрыс тәсілмен көрсетуіне үйретіңіз.

БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ОЙЫНҒА ТАРТУҒА БОЛАДЫ

- 1.** Балаға ұнатып ойнайтын ойыншығын немесе затын беріңіз. Бала қандай заттарға қызығатынына көңіл аударыңыз. Кейде баланың неге қарап отырғанына немесе тартылғанына назар аудара отырып, баладан не қызықтыратынын сұрай аласыз.
- 2.** Бала ойыншықпен немесе затпен ойнай бастаған бойда балаша әрекет етіп, онымен бірге ойнаңыз.
- 3.** Бала ойыншықпен немесе затпен не істесе, кезектесіп соны істеңіз. Бұрылыстарды баладан артық жүріс жасамайтындай етіп теңгеріңіз. Мысалы, егер бала мұнара салса, кезектесіп мұнараға блоктарды қосыңыз.
- 4.** Сіз бен балаңыз бірнеше қадам жасағаннан кейін, ойын режимін кеңейтіңіз. Ойынды соза түсу үшін басқа ойыншықтарды немесе заттарды әкеліңіз. Төменде бірнеше үлгі берілген:
 - Егер бала блоктардан мұнара жасап жатса, ал сіз өз кезегінде мұнара тұрғызуға көмектесіп отырсаңыз, барлық блоктар пайдаланылып болғаннан кейін балаға сол блоктарды құлатуды ұсыныңыз. Блоктарды қирату қызықты болуы керек және баланың бойында осы әрекетті қайталауға ынтасын оятуы керек (мұнараны қайта тұрғызасыз да, қайта қиратасыз).
 - Сіздер мұнара тұрғызуды және оны қиратуды игеріп алғаннан кейін, келесі рет қиратар алдында ойыншық фигурасын қосып әрекетті кеңейтіңіз немесе қирату үшін ойыншық жүк көлігін пайдаланыңыз.
- 5.** Баланың ойыннан ләззат алып, ынталанғанын көрсететін қызығушылығына назар аударыңыз. Баланың ынтасы оянған сайын, ойын да созыла түседі және әлеуметтік әрі коммуникациялық дағдыларды өңдеуге мүмкіндіктер көп болады.



БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

- ✓ Сәбиді судың (мысалы, ванна, бассейн, құдық, көл, су иірімі немесе мұхит) жанында бақылаусыз ҚАЛДЫРМАҢЫЗ.
- ✓ Баланы тамақтану кезінде отыруға және қақалып қалмас үшін, тамақты әбден шайнауға ынталандырыңыз.
- ✓ Ойыншықтарында бекітілмеген немесе сынған бөліктерінің бар-жоғын жиі тексеріп тұрыңыз.
- ✓ Бала тізеңізде отырғанда ыстық сусындарды қолыңызға АЛМАҢЫЗ. Кездейсоқ қимылдан сұйықтық төгіліп кетіп, балаңыз күйіп қалуы мүмкін.
- ✓ Балаңыз автокөліктің артқы орындығында отырғанына және автоорындықта қауіпсіздік белбеуі дұрыс тағылғанына көз жеткізіңіз.
- ✓ Балаға жаңа тағамдарды кішкентай бөліктермен таттырып көріңіз.
- ✓ Теледидарларды балаңыз ұйықтайтын бөлмеден алшақ орнатыңыз. Балаңыз үшін экран уақытын шектегенде, ең көбі 30 минут ата-анасымен бірге, ал үш жастан асқанда күніне ең көбі 1 сағат сапалы бағдарламалар көруге рұқсат беріңіз.
- ✓ Мүмкін болғанша еркін ойындарға ынталандырыңыз. Бұл балаңызға белсенді әрі күшті болуға, сондай-ақ моторикасын дамытуға, дербес әрекет етуіне көмектеседі.
- ✓ Ұйқы режимін қадағалаңыз (1-2 жастағы балалар үшін тәулігіне 11–14 сағат, соның ішінде күндізгі ұйқысы бар).



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

АЙРЫҚША ЖАС – ӨЗІМ ІСТЕЙМІН!»



Бала 3 жаста

Балаңыз үш жасқа жетті! Ол көп нәрсені өзі істей алады, сәбидің миы өсіп, дамиды. Үш жасқа толған бала өзін тұлға екенін түсіне бастайды.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Ересектер мен басқа балалардың әрекеттерін қайталайды.
- ✓ Достарына ешқандай көмексіз бауыр басып алады.
- ✓ Ойын кезінде рөлдермен алмасады.
- ✓ Жылап қалған досына қамқорлық танытады.
- ✓ «Менікі», «онікі», «сенікі» деген түсініктердің мағынасын ұғады.
- ✓ Көп эмоция көрсетеді.
- ✓ Анасы мен әкесін оңай айырады.
- ✓ Күн тәртібі елеулі түрде өзгерсе, ренжіп қалуы мүмкін.
- ✓ Қоғамдағы мәдени нормалар мен адамгершілік қасиеттер туралы түсінігі дамиды.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ 2 немесе 3 кезеңнен тұратын нұсқауды орындайды.
- ✓ Өзіне таныс заттардың көбін атай алады.
- ✓ «Ішінде», «үстінде» және «астында» сөздерінің мағынасын түсінеді.
- ✓ Өз атын, жынысын және жасын айта алады.
- ✓ Досының кім екенін айта алады.
- ✓ «Мен», «маған» және «сен» деген секілді тағы басқа сөздерді жеке және көпше түрде қолдана алады («машиналар», «иттер», «мысықтар»).
- ✓ 2 немесе 3 сөйлем қолданып сөйлесе алады.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму (оқу, ойлану, есеп шығару))

- ✓ Түймесі, тетігі және қозғалмалы бөлшектері бар ойыншықтармен ойнай алады.
- ✓ Ойыншықтармен, жануарлармен және адамдармен ойын ойнайды.
- ✓ 3-4 бөліктен паззл құрайды.
- ✓ «Екі» деген сөздің мағынасын түсінеді.
- ✓ 4 негізгі түсті атап бере алады.
- ✓ Қарындашпен немесе фломастермен шеңбердің суретін салады.
- ✓ Кітап бетін бір-бірлеп парақтай алады.
- ✓ 6-дан көп текшемен мұнаралар тұрғызады.
- ✓ Құтылардың қақпақтарын бұрайды және ашады, болмаса есік тұтқасын бұрайды.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Жақсы өрмелейді (тырмысады).
- ✓ Жеңіл жүгіреді.
- ✓ Үш дөңгелекті велосипедті тебе алады.
- ✓ Бір аяғын баспалдаққа қойып, баспалдақпен жоғары шығып, төмен түсе алады.
- ✓ Өз бетінше киінеді және шешінеді.

БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ? (Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ 3 жастан бастап көптеген балаларға тәулігіне шамамен 11–13 сағат ұйқы қажет.
- ✓ Балаңыз бұрынғысынша күндіз сәл көз іліп алуы мүмкін, бірақ бұл жаста баланың күндізгі ұйқысы ауысып кетуі мүмкін. Оған ұйықтайтын нақты уақыт керек емес, бірақ балалардың ұйықтауына жақсы, тұрақты әдеттер қалыптастыруына көмектесу маңызды. Ұйқы режимі — үш жасар бала үшін ұйқыны қандыруға тамаша мүмкіндік.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Жиі құлай береді немесе баспалдақпен әрең шығып, әрең түседі.
- ✓ Сілекейі ағып жүреді, сөзі анық емес.
- ✓ Қарапайым ойыншықтармен ойнай алмайды.
- ✓ Қарапайым нұсқауларды түсінбейді.
- ✓ Сөйлегенде сөйлемдерді қолданбайды.
- ✓ Көзге қарағысы келмейді.
- ✓ Ойындарды әдейі ойнамайды.
- ✓ Басқа балалармен және ойыншықтармен ойнағысы келмейді.
- ✓ Бұрын істей алатындарын ұмытып қалады.





БАЛАДА БОЛАТЫН 3 ЖАС ДАҒДАРЫСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

- ✓ **Негативизм.** Берілген өтініш баланың өзіне пайдалы болса да, ересектердің нұсқауларын орындаудан бас тартады.
- ✓ **Қырсықтық.** Тәртіпке бағынғысы келмейді.
- ✓ **Қыңырлық.** Белгілі бір үйреншікті әрекеттерге мәжбүрлеу, көндіру немесе ынталандыру мүмкін емес.
- ✓ **Қасарысу.** Ата-ананың кеңестерін немесе сөздерін елемей, бірдеңені өз бетімен жасағысы келеді.
- ✓ **Наразылық.** Егер баланың орнына ата-анасы бірнәрсені таңдаса немесе шешсе, бала бұл нәрселерден немесе әрекеттерден бас тартады.
- ✓ **Құнсыздану.** Бала өзі үшін бұрын маңызды, сүйікті немесе қымбат болған нәрселерді немесе әрекеттерді бағалауды тоқтатады.
- ✓ **Деспотизм.** Отбасы мүшелерін басқарады, бағынуды және сөзсіз мойынсұнуды талап етеді. Егер оның сұрауы орындалмаса, есірігі ұстап, шыңғырады, аяқпен тепкілейді және айқайлайды.



ДАҒДАРЫС КЕЗЕҢІН ЕҢСЕРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

- ✓ Шыдамдылық танытыңыз. Оған айқайламаңыз, жаза бермеңіз, мұндай әрекеттер жағдайды тек ушықтырып жібереді.
- ✓ Келісуге тырысыңыз. Егер бала келісім шартын ұстанса, оны жақсы мінезі үшін мақтау керек.
- ✓ Рұқсат шегін белгілеңіз. Тыйымдардан бас тартпаңыз, жылай бастаса, сөздеріңіз бен істеріңіз бір жерден шықсын. Бала тыныштанған соң, онымен неліктен осылай әрекет жасағаныңыз турлы сөйлесіңіз.
- ✓ «Жоқ» деген сөзді қисынды әрі екі жаққа да ұтымды түрде пайдаланыңыз.
- ✓ Сәбиге белгілі бір нәрселерді өзі жасауына мүмкіндік беріңіз.

52

«НЕГЕ» ЖАСЫ

Бала 4 жаста 4 пен 5 жас аралығында балаңыздың ірі моторикасы (қозғалу және ойнау үшін аяқ-қолын пайдалану) мен ұсақ моторикасы (қолөнер мен басқатырғыштармен жұмыс істеу) әлі де даму үстінде болады. Ойнау уақыты аса шығармашыл әрі балалардың өсу кезеңінің маңызды бөлігі болады.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Жаңа істермен айналысқанды ұнатады.
- ✓ Ойындарға көбірек шығармашылық енгізеді.
- ✓ Көбінесе өзі жалғыз емес, басқа балалармен ойнағанды ұнатады.
- ✓ Басқа балалармен ынтымақтасады.
- ✓ «Ана» немесе «әке» рөлін ойнайды.
- ✓ Шынайы нәрсе мен қиял нәрсені көбінесе ажырата алмайды.
- ✓ Өзіне не ұнайтыны және неге қызығатыны туралы айтады.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас))

- ✓ Әңгіме айтады.
- ✓ Қимылдармен бірге ән салады немесе тақпақтарды жатқа айтады.
- ✓ Грамматиканың негізгі кейбір ережелерін біледі, мысалы, «ол» (қыз, ұл) деген есімдіктерді дұрыс пайдаланады.
- ✓ Өз атын және тегін айта алады.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму)

- ✓ Кейбір сандар мен түстерді атайды.
- ✓ Есеп мәнін түсінеді.
- ✓ Сағат тануды түсіне бастайды.
- ✓ Оқиғалардың бөліктерін есіне сақтайды.
- ✓ «Бірдей», «әр түрлі» деген мағыналарды түсінеді.
- ✓ Адамды денесінің 2-4 бөлігімен салады.
- ✓ Қайшыны пайдаланады.
- ✓ Карталары және ойын тақталары бар ойындары ойнайды.
- ✓ Жаза бастайды /кейбір бас әріптерді көшіре бастайды.
- ✓ Оның пікірінше кітаптың желісі әрі қарай қалай болуы керектігін айтып береді.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Бір аяқпен 2 секундқа шейін секіре және тұра алады.
- ✓ Тамақты ыдысқа құяды, тамақты ересектердің қадағалауында тұрып кеседі (турайды).
- ✓ Секірген допты көбінесе ұстай алады.
- ✓ Өз бетінше түсе алады.



БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ? (Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ 4 жастан бастап көптеген балаларға тәулігіне шамамен 10–12 сағат ұйқы қажет.
- ✓ Жеткілікті мөлшерде тынығатын балалар күндізгі ұйқыны қажет етпеуі мүмкін, оларға түстен кейін «тыныштық сағаты» пайдалы болуы мүмкін. Бұл жаста балаңыз бала-бақшаға немесе басқа мектепке дейінгі мекемеге барып, мекеменің күн тәртібін сақтай алады.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Орнында тұрып секіре алмайды.
- ✓ Сурет салу және жазу кезінде қиындықтар туындайды.
- ✓ Интерактивті ойындарға қызығушылық танытпайды.
- ✓ Басқа балаларды елемейді немесе отбасы құрамына кірмейтін ересектерге жауап бермейді.
- ✓ Ол киіндіруге, төсекке жатқызуға, дәретхананы пайдалануға қарсы келеді.
- ✓ «Бірдей», «әр түрлі» деген мағыналарды түсінбейді.
- ✓ «Мен» және «сен» сөздерін дұрыс қолданбайды.
- ✓ 3 кезеңнің нұсқауларын орындай алмайды.
- ✓ Сүйікті оқиғасын қайталап айтып бере алмайды.
- ✓ Түсініксіз сөйлейді.
- ✓ Бұрын істей алатындарын ұмытып қалады.



БАЛАМА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫН?

- ✓ Баламен бірге кітап оқуға арнайы уақыт бөліңіз.
- ✓ Балаға рөлді сомдауды ұсыныңыз.

- ✓ Баланы серуендеуге алып шығып, айналасындағы заттарды зерттеуге көмектесіңіз.
- ✓ Баланы өз атын айтуға және жасын айтуға ынталандырыңыз.
- ✓ Балаға қарапайым өлеңдерді немесе балаларға арналған тақпақтарды үйретіңіз.
- ✓ Балаға назар аударыңыз және ол нұсқауларды орындағанда және жақсы мінез көрсеткенде оны мақтаңыз, жайсыз мінезіне, мысалы есірігі ұстағанына екпін жасамаңыз. Баланың көңілі түсіп кеткенін дұрыс тәсілмен көрсетуіне үйретіңіз.



БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Балаңыз өз бетінше әрекет ете бастауына және сыртқы әлемде көбірек уақыт өткізуіне қарай сіз және балаңыз қалайша қауіпсіздікте қалуға болатыныңызды білу керек. Балаңызды қалай қорғауға болатыны жөніндегі бірнеше кеңес.

- ✓ Балаңызға неліктен жолдың көлік жүретін бөлігінен аулақ болу керектігін түсіндіріңіз. Ол көшеде ойнамау және лақтырылған доптың соңынан жүгірмеу керектігін айтыңыз.
- ✓ Ашық алаңдарға арналған жабдықтарды тексеріп шығыңыз. Бекітілмеген бөліктері және өткір ұштары мен қырлары жоқ екенін тексеріңіз.
- ✓ Бала далада ойнағанда балаңызды қадағалап отырыңыз.
- ✓ Балаңызға малтуды үйретіңіз, бірақ ол суда немесе соның жанында болғанда (соның ішінде бассейнде) оны көзден таса қалдырмаңыз.
- ✓ Бөтен адамдарға қалай жауап беру керектігін үйретіңіз.
- ✓ Баланы көлік ішіндегі бала орындығына отырғызыңыз.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

ТАҒАТСЫЗДАНА АЙНАЛАСЫМЕН ТАНЫСАДЫ

Бала 5 жаста

Балаңыз 5 жаста және ол жаңа білімге ұмтылып, оларды қарқынды түрде меңгереді. Ерте дамыту жөніндегі мамандар «табиғи орта мен баланы ересектермен бірге тұрмыстық шаруалармен айналысатын күнделікті тірлікке араластыру – жасы кіші балалардың барлығы үшін ерте үйретудің маңызды бөлігі» деп санайды. Бала ойын мен тұрмыстық жағдай арасындағы айырмашылықты сезбейді. Көбінесе, балалар ойыншықтармен емес, жиһаз заттарымен, тұрмыстық техникамен, тіпті, кәстрөлмен ойнағанды ұнатады! Сондықтан ата-аналар өздерінің тұрмыстық шаруаларын бала ойынына ұласатындай, баланың дамуына әмбебап база жасайтындай етіп ойластыра және құрастыра алады.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Айналасындағы адамдармен қарым-қатынас құрады.
- ✓ Құрдастарымен және ересектермен өздерін қалай ұстау керектігін біледі.
- ✓ Өз мінезі мен эмоцияларын бақылауда ұстай алады, жеке пікірін білдіреді.
- ✓ Өзінде орындауы тиіс, мысалы ойыншықтарды жинау немесе еден сыпыру сияқты міндеттері бар екенін түсінеді.
- ✓ Әлемді тануға құмартады және қалайды.
- ✓ Өзі және отбасы туралы негізгі мәліметтерді біледі.
- ✓ Қандай қасиеттерді игергісі келетінін түсінеді (күш, батылдық, әртістік), өзіне еліктейтін адамын таңдай алады (кино-кейіпкер немесе таныс адамы).

- ✓ Гендерлік айырмашылықтарды түсінеді, ер және әйел адамдардың рөлдерінің ерекшеліктерін біледі.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ Өз ойын нақты әрі нық жеткізеді, байланысқан қисынды сөйлемдерді құрайды.
- ✓ Жалпылау сөздерінің астарында: үй жануарлары, киімдер, жиһаз және т.с.с екенін түсінеді.
- ✓ Ертегілерді немесе фильмдерді ішінара айтып бере алады, болған оқиға туралы әсерлерін бөліседі, өзі туралы әңгімелейді.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму (оқу, ойлану, есеп шығару))

- ✓ Сурет салатын әртүрлі құралдарды (қарындаштарды, фломастерлерді, бояуларды) дұрыс пайдалана алады.
- ✓ Қайшымен қағаз фигураларды қияды, аппликация жасайды.
- ✓ Заттың белгілі бір белгісін бөліп алады, заттарды сол белгісіне қарай топтастырады.
- ✓ 0-ден 10-ға дейін және керісінше санайды.
- ✓ Негізгі барлық түстерді біледі.
- ✓ Жеміс-жидектердің аттарын біледі, олардың әрқайсысының дәмін анықтай алады.
- ✓ Бірнеше тақпақты жатқа айтады.



ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ДАҒДЫЛАРЫ

- ✓ Өз бетінше киінеді және шешінеді.
- ✓ Жуынады, тісін тазалайды.
- ✓ Қолындағы аспаптарды дұрыс ұстайды.
- ✓ Ойындар мен киімдерін жинақы ұстайды.
- ✓ Қиын емес тапсырмаларды орындайды (кіржуғыш машинадан киімдерді алып шығады, мысықты тамақтандырады, гүлге су құяды).
- ✓ Пәтерді мерекеге байланысты безендіруге көмектеседі.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ 40-50 метр қашықтықты тоқтаусыз жүгіріп өте алады.
- ✓ Гимнастикалық тақта үстінде, қоршаулармен және жиектас-тармен сенімді жүре алады.
- ✓ Ауадағы допты ұстай алады, оны нысанаға лақтыра алады.
- ✓ Биіктікке және ұзындыққа секіреді, кедергіден секіріп өте алады.
- ✓ Швед белтеміріне асылады және тартылады, оған өрмелеп шығады.
- ✓ Секіргішпен секіреді.

БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ? (Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Бұл жаста көптеген балаларға тәулігіне шамамен 10–12 сағат ұйқы қажет.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Бала өте сескеншек, тұйықталып қалады, үнемі мазасызданады немесе, керісінше, агрессия көрсетеді, есірігі ұстайды, ешқандай себепсіз ашуланады.
- ✓ Ата-анасынан, әсіресе анасынан, олар қасында емес, бірақ жақын маңда болса да, ажырауы қиын.

- ✓ Қиялды қолдану қажет болатын ойындар мен әрекеттерден қашады.
- ✓ Құрбы-құрдастарымен араласуға тырыспайды.
- ✓ Басқа адамдармен көз байланысын орнатпайды.
- ✓ Екі әрекеттен тұратын пәрмендерді орындай алмайды (мысалы, «ойыншықты алып, оны орнына қой»).
- ✓ Кез келген әрекетке ұзақ уақыт зейін қоя алмайды (10 минуттан артық).
- ✓ Ол өзінің эмоцияларын онша көрсетпейді, бала көбінесе мұңлы және тұнжыраңқы күйде көрінеді.
- ✓ Нашар сөйлейді, қарабайыр сөздерді қолданады, көпше түрді қолданбайды, тек жеке сөздермен сөйлеуі мүмкін.
- ✓ Сегізден астам текшеден тұратын үйді немесе мұнараны тұрғыза алмайды.
- ✓ Ол қатарластарымен салыстырғанда, қарындашты дұрыс ұстай алмайды.
- ✓ Негізгі тұрмыстық дағдылары жоқ – ол өздігінен шешіне немесе киіне алмайды, қолын жумайды, жуынбайды, ас ішу құралдарын қолданбайды.



БАЛАМА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫН?

- ✓ Балаңыз өзін тәуелсіз сезіну және не болып жатқанын тексеру үшін сізге қарсылық білдіруі мүмкін. Сіз жаман сөздерге бөлетін назарыңызды шектеңіз. Бала үшін ол өзі бастама білдіретін балама тірліктерді тауып алыңыз. Жақсы тәртіпті байқайтын ережені ұстаныңыз.
- ✓ Баладан не ойнап жатқанын сұраңыз. Оған «Неге? Қалай? Не үшін?» деген сұрақтарды қоя отырып, оның жауаптарын аша түсуіне көмектесіңіз.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

[illegible]

МЕКТЕПKE ДАЙЫНДЫҚ

Бала 6 жаста

Балаңыз қалай өсіп жатқанына қарай, сіз оның бойында дамып жатқан жаңа қызықты қабілеттерді байқайсыз. Балаға процестің өзі қызықты болса және жаңа дағдыларды игеру директивалық оқыту түрінде емес, ойын түрінде өтсе, үйрету тиімдірек болады. Тек оңтайлы қарқынды таңдап, үйрету оңайынан күрделісіне қарай біртіндеп ойысатынын естен шығармау керек. Біліктілік артқан сайын бойда бар дағдылар күшейе түседі және баланың жаңа білімді алуға деген қызығушылығын дамытуға және жаңа еп пен қабілеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Топпен бірге жұмыс істей алады, көмектеседі, жанашырлық танытады.
- ✓ Келісе алады, өз эмоцияларын бақылауда ұстай алады.
- ✓ Қатынас жасау ортасы кең.
- ✓ Бейтаныс адамдардың ортасында өзін сенімді ұстайды (әсіресе жақын адамдары қасында болғанда), ересектермен әңгімелесе алады.
- ✓ Басқа адамдардың қызығушылығын ескере отырып, өз әрекеттерін жоспарлайды.
- ✓ Кеңесе алады, көмек сұрай алады.
- ✓ Сабақта басқа балалармен бірге жұмыс істейді және белсенділік танытады, бөлісе алады.
- ✓ Тату қатынасты сақтайды.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ Тілі таза, барлық дыбыстарды дұрыс айтады.
- ✓ Сөздік қоры мол.
- ✓ Сөзінде барлық сөз табын пайдаланады, күрделі әрі грамматикалық дұрыс құрылған сөйлемдерді айта алады, мағынасы жағынан ұқсас және қайшы келетін сөздерді (синонимдер мен антонимдер) таңдай алады.
- ✓ Тілінің интонациялық жағы дауыс күшімен белсенді дамып келеді, алты жасар баланың сөйлеу қарқыны эмоцияларды дәл беруге қабілетті.
- ✓ Диалогтық тілі монолог жүргізу қабілетіне қарағанда жақсы дамыған.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму (оқу, ойлану, есеп шығару))

- ✓ Өз атын, тегін, ата-анасының аттары, мекенжайын біледі.
- ✓ Жыл мезгілдерін және олардың белгілерін, ай және апта күндерінің аттарын біледі.
- ✓ Жануарлардың, құстардың, балықтардың, жәндіктердің, өсімдіктердің, көліктердің, жиһаздың, ыдыс-аяқтың, электр аспаптардың және т.б. аттарын біледі.
- ✓ Кеңістікте жақсы бейімделеді.
- ✓ Лабиринттерден өте алады, ребустарды, жұмбақтарды, басқатырғыштарды шеше алады.
- ✓ Заттарды әртүрлі параметрлері бойынша салыстырады, заттардың бар белгілеріне сүйеніп, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады. Жалпылауыш сөзді таңдауға қабілетті.
- ✓ Себеп-салдар байланысын орнатады, тұжырымдар мен ой-түйіндер жасайды.
- ✓ Белгілі бір іспен айналыса алады, өз бетінше әрекет етуін жалғастырады.

- ✓ Оқу ісіндегі білімдерін, қабілеттерін және дағдыларын жинақтайды.
- ✓ Үй шаруасына араласады, үй жануарларын асырайды, отбасындағы кішкентайлар мен басқа мүшелеріне көмектеседі.
- ✓ Ақшаны, қоғамдық көлікті, телефонды қолданады, ақша құндылығын біледі.
- ✓ Далада және тұрмыстық заттарды пайдаланғанда, ересек адамдармен қарым-қатынас жасағанда абай болады.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Қаламды дұрыс ұстайды.
- ✓ Нүктелердің үстімен әдемі бастырады.
- ✓ Шаршылар арқылы сурет салады.
- ✓ Қолын алмастан түзу және ирек сызықтар салады.
- ✓ Ермексаздан ұсақ бөлшекті композициялар жасайды.
- ✓ Қайшымен қияды.
- ✓ Иненің көзінен жіп өткізеді.
- ✓ Сызық бойымен және белтемір үстімен жүреді.
- ✓ Кедергілерден секіріп өтеді.
- ✓ Бір аяқта тұра алады, бір аяқпен секіре алады.
- ✓ Допты нысанаға тигізеді.
- ✓ Арқанды баспалдаққа өрмелейді және т.б.

БАЛАМ ҚАЛАЙ ҰЙЫҚТАЙДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Бұл жастағы балалар тәулігіне шамамен 9–12 сағат ұйықтауы қажет. Бұл жаста ұйқы проблемалары әртүрлі себепке байланысты басталуы мүмкін. Үй жұмысы, спорт, мектептен кейінгі қосымша сабақтар, экран алдында отыратын уақыты және қарбалас отбасы кестесі — осының барлығы балалардың ұйқысының қанбауына алып келуі мүмкін. Ұйқысынан айырылған балалар гипербелсенді немесе ашуланшақ болуы мүмкін, олар үшін бір жерге тұрақтау қиынға соғады.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Ол үшін биіктікке және ұзындыққа секіру қиын болады, қимылдарында жайбасарлық пен ебедейсіздік байқалады.
- ✓ Допты ұстауы, бір орнында секіруі қиын.
- ✓ Заттарды, тіпті, тікбұрышты пішіндерді кесу кезінде айтарлықтай қиналады.
- ✓ Заттарды санауда біраз қиындықтар туындайды.
- ✓ Ойынға қызығушылығы бар, бірақ ойынның сюжеті бір сарынды болуы мүмкін.
- ✓ Топтық ойындарға қарағанда, жеке ойындарды жақсы көреді. Топтық ойындар ойнаған кезде ол тәуелді позицияны ұстанады.
- ✓ Эмоцияларын ұстай алмайды. Егер құрдастарымен қақтығыстар туындаса, ашулану, қатты жылау түріндегі аффектілі әрекеттер болуы мүмкін.
- ✓ Жүріп-тұру ережелерін орындау кезінде қиналады.
- ✓ Құрдастарымен қарым-қатынас жасау процесіне тұрақты ұнатпау көзқарасы байқалады.
- ✓ Балаға жаңа дағдыларды игеру қиын, ал эмоциялары өте қарапайым.
- ✓ Сенсомоторлық реакциялар баяу.



БАЛАМА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫН?

- ✓ Балаңызға махаббатыңызды төгіңіз. Оның жетістіктерін мойындаңыз.
- ✓ Балаға жауапкершілік сезімін дамытуға көмектесіңіз – одан үй шаруасында көмектесуін, мысалы дастарқан жаюын сұраңыз.

- ✓ Баламен мектеп, достары және ол болашақтан асыға күтетін заттары туралы сөйлесіңіз.
- ✓ Баламен басқа адамдарды құрметтеу туралы сөйлесіңіз. Оны мұқтаж жандарға көмектескені үшін көтермелеңіз.
- ✓ Балаңыздың алдына қолжетімді мақсаттар қоюға көмектесіңіз – ол өзін мақтан етуді және басқа адамдардың құптауына немесе сыйақы беруіне арқа сүйеуді азайтуды үйренеді.
- ✓ Басқа адамдардың алда жүруіне мүмкіндік беріп немесе ойынға кетер алдында тапсырмаларды орындата отырып баланы шыдамдылыққа үйретіңіз. Әрекет етпес бұрын ықтимал салдары туралы ойлауға ынталандырыңыз.
- ✓ Балаңыз қанша уақыт теледидар қарай алатыны және қашан ұйқыға жату керектігі сияқты нақты ережелерді орнатыңыз және оларды ұстаныңыз. Қай мінез дұрыс ал қайсысы дұрыс емес екенін нақты анықтап көрсетіңіз.
- ✓ Бүкіл отбасыңызбен бірге ойын ойнап, кітап оқып, ауданыңыздағы іс-шараға барып, уақытты көңілді өткізіңіз.
- ✓ Тәрбиешілермен, мұғалімдермен және персоналмен танысып, олардың оқыту мақсаттарын біліңіз, сондай-ақ балаңызға жаңа дағдылар мен білімдерді жақсы игеруге көмектесу үшін қалай бірге жұмыс істеуге болатынын біліңіз.
- ✓ Балаңыз баратын дамыту мекемесінің өміріне қатысыңыз.
- ✓ Балаңызға кітап оқып беруді жалғастырыңыз. Балаңыз оқуды үйреніп жатқанда, бір-біріңізге кезектесіп оқып беріңіз.
- ✓ Балаңызды жазалап, оның көңілін түсіргенше, оған бағдар беріп, оны қорғау үшін тәртіпті пайдаланыңыз. Істеуге болмайтын нәрсе туралы сөйлескенде, істеуге болмайтын нәрсенің орнына не істеуге болатынын талқылаңыз.
- ✓ Баланы жақсы мінезі үшін мақтаңыз. Балаңыз өзгерте алмайтын қасиеттеріне (сен ақылдысың, сен сұлусың) назар аударғаннан гөрі, балаңыздың жасаған ісіне («сен мұны түсіну үшін көп еңбектендің») көңіл аударған жөн.

- ✓ Балаңызды жаңа міндеттерді шешуіне қолдау көрсетіңіз. Басқа баламен болған қақтығыстарды сияқты проблемаларды өз бетінше шешкені үшін көтермелеңіз.
- ✓ Балаңызды командалық спорт түрлері сияқты мектептік және қоғамдық топтарға қосылуына ынталандырыңыз.
- ✓ Балаңызға көбірек тәуелсіз болуына жағдай жасаңыз.



БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

- ✓ Балаға төтенше көмек қызметтеріне қоңырау шалуды үйретіңіз: 112, 101, 102, 103.
- ✓ Балаңызбен мектепке бара жатқанда, велосипедпен серуендегенде және далада ойнағанда оған қауіпсіздік ережесін үйретіңіз.
- ✓ Балаңыз судағы қауіпсіздік ережесін түсінетініне көз жеткізіңіз және ол малтып жүргенде немесе су маңында ойнағанда әрдайым оны бақылауда ұстаңыз.
- ✓ Балаңыз жартасқа өрмелеу сияқты қауіпті іспен айналысқанда оны қадағалап отырыңыз.
- ✓ Балаға көмек керек кезде оны қалай сұрау керектігі туралы балаңызбен сөйлесіңіз.
- ✓ Күнделікті үй шаруасына қажетті ықтимал қауіпті заттарды, құралдарды, жабдықты және қару-жарақты баланың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- ✓ Балаңыз күніне 1 сағат дене жаттығуларын жасайтынын тексеріңіз.
- ✓ Пайдалы тағамды және дене жаттығуларын барынша ертерек үйретіңіз. Белсенді ойындарға ынталандырыңыз және еліктеуге тұрарлық тұлға болыңыз, отбасымен бірге тамақтану кезінде пайдалы тағам ішіңіз және салауатты өмір салтын ұстаныңыз.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

АЛҒАШ РЕТ

БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРАДЫ!

Бала 7 жаста

Балалар мектепке баратын жасқа жеткенде олардың қабілеттері мен қоршаған әлемді тануы белсенді күйде дами береді. Балаларды ерте дамыту жөніндегі бүгінгі күннің тұжырымдары баланың күнделікті әрекеттері ойын түрінде өтуінің және барынша өз бетінше әрекет етуінің маңыздылығы туралы айтады. Ал ерте интеллектуалдық даму – балалардың жүйкесінің бұзылғанын білдіреді, сондықтан 6–7 жасқа дейін балаларға логикалық және абстрактілік ойды дамыту мақсатында арнайы жүктемелер беруге болмайды.

БАЛАМ НЕ СЕЗЕДІ?

(Әлеуметтік/Эмоциялық даму)

- ✓ Өзін іс-қимыл мен мінездің жеке субъектісі екенін түсінеді.
- ✓ Жаңа іс-қимылдарға қызығушылық танытады (істің негізгі түрі ойын болып қала бермек, бірақ ережелері бар ойын), ересектердің әлеміне қызығушылық таныту (соларға ұқсауға тырысу).
- ✓ Қарым-қатынастың негізгі ережелерін біледі, таныс және бейтаныс жағдайда жақсы бейімделеді.
- ✓ Мінезін басқарады (рұқсат етілген шекті біледі).
- ✓ Эмоциялық тұрғыдан тұрақты және өз мінезін бақылайды.
- ✓ Өз ісінің нәтижелерін бағалай бастайды («жақсы адам», «бірінші» болуға тырысады, сәтсіздік кезінде қатты ренжиді, өзіне деген ересектердің қатынасы өзгергенде өте қобалжиды).

- ✓ Адамгершілік, интеллектуалдық және эстетикалық сезімдер қалыптасады.
- ✓ Эмоциялары алуан түрлі әрі терең, әйтседе, олар эмоциялық тұрғыдан ұстамды әрі іріктемелі.
- ✓ Тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық орындарда, қарым-қатынаста және т.с.с жерлерде жыныстық рөліне сай әрекет ету қағидаларын дұрыс орындайды.
- ✓ Болашақ әлеуметтік рөлдерді орындауға бейімделген белгілі бір мінез-құлықтарды игеріп алуға ұмтылады.
- ✓ Мектепке, отбасына және өз өміріне жақсы көзқараспен қарайды.
- ✓ Командамен жұмыс істей алады.

БАЛАМ НЕ АЙТА АЛАДЫ? (Тіл/Қатынас)

- ✓ Фонемаларды (дыбыстарды) және сөздерді дұрыс айтумен қатар, жақсы ажыратады.
- ✓ Зат есімдердің, сын есімдердің, етістіктердің жеткілікті түрде күрделі грамматикалық формаларын дұрыс құрайды.
- ✓ Күрделі сөйлемдерді пайдаланады (салалас және сабақтас байланысы бар)
- ✓ Өз пікірін, ойын, әсерін, эмоциясын жеткізу үшін, заттарды сипаттағанда, мазмұндағанда және т.б. сөздерді дәл пайдаланады.
- ✓ Диалогты қалай құрау жолдарын түсінеді.
- ✓ Шағын мәтіндерді мазмұндайды.
- ✓ Белгілі бір тақырыпқа әңгіме құрайды.
- ✓ Аз қолданылатын және бейтаныс, мағынасы жақын немесе қарама-қайшы сөздерді, сондай-ақ сөздердің ауыспалы мағынасын түсіндіре алады (мақал-мәтелдерде).
- ✓ Талқылайтын сөзі пайда болады.
- ✓ Сөзі қарым-қатынаста және танымдық істе, жоспарлауда және мінезін реттеуде түпнұсқа құралға айналады.

БАЛАМ НЕНІ ТҮСІНЕДІ?

(Танымдық даму (оқу, ойлану, есеп шығару))

- ✓ Жүзге дейін санай алады.
- ✓ Қасында тұрған сандарды салыстыра алады.
- ✓ Заттардың пішінін ажыратып, атай алады.
- ✓ Реттік және есептік сан есімдерді пайдаланады.
- ✓ Қарапайым деңгейдегі логикалық есептерді шығарады.
- ✓ Заттарды белгілеріне қарай топтастырады.
- ✓ Кейбір мамандық иелері немен айналысатынын біледі.
- ✓ Тәулік пен жыл мезгілдерінің ретін біледі.
- ✓ Өсімдіктерді айыра алады – гүлдер, ағаштар, бұталар.
- ✓ Өзінің және ата-анасының толық атын, тұрғылықты мекен-жайын және телефон нөмірін атайды.
- ✓ Табиғаттағы маусымдық өзгерістер принципін түсінеді.
- ✓ Өмірінде болған жағдайлар туралы әңгімелейді.
- ✓ Заттар арасындағы кемінде 5 айырмашылықты таба алады.
- ✓ 7 нысанға бірден назарын аудара алады.
- ✓ Бір тапсырмаға кемінде 20 минут зейін қояды.
- ✓ Ойында жеткілікті түрде күрделі әлеуметтік оқиғаларды көрсете алады - мереке, апат, соғыс және т.б. Ойында бірнеше орталық болуы мүмкін, олардың әрқайсысында белгілі бір сюжет желісі көрсетіледі. Ойын барысында өзі екі рөлде ойнай алады, бір рөлден екінші рөлге ауысады.
- ✓ Басталған істі аяқтауға, мерзім ішінде орындауға қабілетті.

БАЛАМ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Қимыл/Физикалық даму)

- ✓ Суретті штрихтей және бояй алады, шекарасынан аспайды, көрген суретін қайталап сала алады.
- ✓ Жүрісі, жүгірісі жетіледі, қадамдары бірқалыпты бола бастайды, адымы алшаңдайды, қолдары мен аяқтарының арасындағы қозғалыста үйлесімдік пайда болады.

- ✓ Тез ауысуға, жүруге және жүргізуге, иығын дұрыс ұстауға қабілетті.
- ✓ Өз бастамасымен іс-қимыл ойындарын және қатарластарымен бірге қарапайым жарыстарды ұйымдастыра алады.
- ✓ Бір және екі аяғымен биіктікке, ұзындыққа, орнынан және жүгіріп келіп секіреді.
- ✓ Әртүрлі заттарды нысанаға дәл тигізе алады.



МАМАНДАРҒА ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК (патронаттық медбике, дәрігер және т.б.)?

- ✓ Оқуға деген қызығушылықтың болмауы.
- ✓ Кез келген сынды тым ауыр қабылдайды.
- ✓ Қымсынады, өзін төмен бағалайды.
- ✓ Агрессияны, қатыгездікті, мазасыздықты көрсетеді.
- ✓ Өзімен-өзі тұйықталып қалды, мектеп ұжымында бейімделу кезеңінен өте алмады.
- ✓ Ата-аналармен тығыз байланысы жоқ және оларға сенімі жоқ.
- ✓ Оқу материалын игерудегі, ақпаратты түсінудегі қиындықтар
- ✓ Өзіне-өзі қызмет көрсетудегі қиындықтар.
- ✓ Тұрақсыз эмоциялық күйі.
- ✓ Қарым-қатынас дағдыларының жоқтығы.
- ✓ Қатты алаңдаушылықтың байқалуы.
- ✓ Еске сақтау қабілеті аз.
- ✓ Жағдайға сәйкес келмейтін ұғымдарды жиі қолдану.
- ✓ Ересектермен және құрдастарымен араласуды аса қажет етпеу.
- ✓ Тапсырманы орындауға қиналады, ересектердің көмегіне жүгінгеннен гөрі оны тастай салу оңай.
- ✓ Жеткілікті эмоциялы емес, қатаң ережелерді сақтайды. Қойылған талаптар тараптардың біреуінің ғана ұстанымын ескереді, икемділік пен логикалық іске асыруға орын қалдырмайды.

- ✓ Тілінде жалпы дамымау белгілері бар.
- ✓ Тапсырманың мәні мен нақты талаптарды түсінсе де, өз ойын ашық жеткізуге қиналады, көлемі орташа мәтінді әңгімелеп бере алмайды немесе сюжеттік суреттер бойынша өз тарихын жасай алмайды, жағдайды сипаттап бере алмайды.

БАЛАДА БОЛАТЫН 7 ЖАС ДАҒДАРЫСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Дағдарысты диагностикалау үшін баланың кем дегенде төрт-бес белгісі анық көрінуі қажет. Әйтпесе, дағдарыс кезеңі туралы емес, жергілікті қақтығыс жағдайы туралы айтылады.

- ✓ Кейбір балаларда – ұшқалақтық, зейін қоя алмау, шамадан тыс бәсекелестік сезімі. Олар энергиясын шығаруы керек, сондықтан сабақтар мен үйдегі іс-шаралар олар үшін еңсерілмейтін кедергі болып көрінеді.
- ✓ Агрессия көрсету, ол үй жағдайында байқалады. Бала сыныптың озат оқушысы мен мақтанышы болады, ал ата-аналарымен жеке қалғанда бойында жиналып қалған ашуды шығарғысы келіп, есірігі ұстап қалады.
- ✓ Бала өтініштерді орындамайды, тіл алмайды.
- ✓ Қыңырайып, қасарысады.
- ✓ Наразылық білдіріп, жақтырмай қарайды, ыржақтайды және дөрекілік сөйлейді.
- ✓ Сынды қабылдамайды, ескертулерге мүлдем шыдай алмайды.
- ✓ Ата-анасының сөздерін, интонацияларды, қимылдарын айнұтпай қайталайды – есейген сыңай танытады.
- ✓ Ересек адамдай болып көрінуге тырысады, үлкен балалармен сөйлесуге тырысады, өзінен кіші балалармен сөйлесуден аулақ жүреді.
- ✓ Туыстарының құқықтары мен міндеттерін салыстырады, әділетсіздікті байқаса, наразылығын ашық білдіреді, қасарысады (ұйықтаудан бас тартады, әкесі сияқты бөкебай тақпай жүреді).
- ✓ Ересектерге саналы түрде қарсы әрекет жасайды.

- ✓ Бұрын өзіне маңызды болып көрінген нәрсені құнсыздандырады.
- ✓ Көңіл-күйдің өзгеруіне бейім.



ДАҒДАРЫС КЕЗЕҢІН ЕҢСЕРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

- ✓ Нақты күн тәртібі, тәртіп және төзімділікті шынықтыруға және энергияны шығаруға көмектесетін спорт қажет.
- ✓ Ата-аналар бала өміріне барынша көп көңіл бөлуі керек, шер тарқатып сөйлесіп, оның сезімдері мен эмоцияларын талқылауы керек.
- ✓ Мектеппен танысу. Алғашқы сабақтарға дейін оқу мекемесіне барып көрсеткен жөн, бала өзін анағұрлым сенімді әрі тыныш сезінетін болады.
- ✓ Құқықтары мен міндеттерін белгілеу.
- ✓ Еркіндік беру. Өз бетінше әрекет ету тәсілдері болуы керек, мысалы: міндетті түрде бөлмені жинау керек, бірақ балаға уақытын, тәсілін таңдауға рұқсат.
- ✓ Қателесуге рұқсат.
- ✓ Құрмет білдіріп, тең құқықтық көрсету керек.
- ✓ Тәрбие ісінде икемділік танытып, қабылданған ережелер жүйесін сақтау керек, бірақ өз бетінше әрекет етуге, рөлді таңдауға, өзгертуге орын қалдыру керек.
- ✓ Баламен ашық қақтығысқа түспеген жөн, әйтпесе жағымсыз сәттер ушығып кетеді.
- ✓ Баламен тату, қысым көрсетпей, жазғырмай сөйлесу керек.
- ✓ Тұлғасын емес, әрекеттерін сынауға болады.
- ✓ Бас тарту мен ескертулерді дәлелдеу керек.
- ✓ Проблемаларды талқылауды, жағдайдың себептері мен салдарын талдауды үйрету.
- ✓ Баланың орын алған оқиға туралы пікірін білу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әр баланың даму және жаңа дағдыларды меңгеру ырғағы өзінше бөлек екенін атап өту керек. Бұлай болуының себебі әр бала: генетикасынан, туған жері жағдайынан бастап, қоршаған ортасы, отбасылық жағдайы және жеке басының тәжірибесіне дейін әртүрлі. Дегенмен, оның дамуындағы ауытқуды немесе кешеуілдеуді өткізіп алмас үшін, баланы дамыту қалыпты шеңберден және жас нормасынан аспауы керек екенін естен шығармау қажет. Ата-аналар әр баланың күшті жақтарына сүйене отырып, оның әлеуетін толық ашуға көмектесу үшін олардың жеке даму мен оқу модельдеріне ерекше көңіл бөлуі керек.



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

[illegible]

ҚИЫНДЫ ҚАРАПАЙЫМ ТІЛМЕН ЖЕТКІЗУ

Біліктілік – нақты бір салада жұмыс істеу үшін білімді, дағдыларды және жеке қасиеттерді қолдану қабілеті.

Дамуды бақылау — баланың уақыт өте келе қалай өзгеретінін, қалай өсетінін, сонымен қатар ойнау, оқу, сөйлеу, іс-әрекет жасау және қозғалу кезінде қалай дамитынын бақылау.

Дамуды бағалау – скрининг құралын қолданатын қысқаша тест диагноз бермейді, бірақ баланың дұрыс даму жолында екенін немесе маманның мұқият тексеру керектігін көрсетеді. Егер скрининг құралы проблемалы саланы анықтаса, дамуды ресми түрде бағалау қажет болуы мүмкін. Маман баланы бақылап, балаға құрылымдалған тест беріп, ата-анаға немесе қамқоршыға сұрақ қоя алады немесе олардан сауалнаманы толтыруын өтіне алады. Бағалау нәтижелері баланың арнайы емді немесе ерте дамыту қызметін немесе басқа нәрсені қажет ететін не етпейтінін көрсетеді. Дамуды педиатр, даму маманы, балалар психологы немесе басқа да оқыған маман бағалай алады.

Даму скринингі баланың қалай дамып келе жатқанын мұқият тексеруге мүмкіндік береді. Бала қысқа тестілеуден өтіп жатыр немесе ата-аналар баласы туралы сауалнаманы толтырып жатыр. Даму және мінез-құлық скринингі үшін қолданылатын құралдар — бұл баланың дамуы, оның ішінде тіл, қозғалыс, ойлау, мінез-құлық және эмоциялар туралы сұрақтар қойылған ресми сауалнамалар немесе бақылау тізімдері.

Әлеуметтік сигналдар – ересек адам жайсыздық, психикалық немесе физикалық қауіп төндірген жағдайда нәрестенің қолданатын сигналдары.

Нәресте жасы – бала туғаннан бастап, бір жасқа келгенге дейінгі кезең. Ол шақалақ кезеңі (туғанынан бастап алғашқы 4 апта) және нәресте жасы (4 аптадан 1 жасқа дейінгі) кезең деп бөлінеді.

Сәбилік шақ – баланың 1 жастан 3 жасқа дейінгі кезеңі.

Балдырған және мектепке дейінгі орташа жас: 3 жастан 4–5 жасқа дейін.

Бала жас: 4–5 жастан 6–7 жасқа дейін.

АТА-АНАЛАРҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

- Бонни Харрис «Когда дети управляют нами»
(Балалар бізді басқарған кезде)
- Винникотт Д.В. «Разговор с родителями»
(Ата-анамен сөйлесу)
- Гери Чепмен «Пять языков любви»
(Махабаттың бес тілі)
- Гиппенрейтер Ю.Б. «Самая важная книга для родителей»
(Ата-аналарға арналған өте маңызды кітап)
- Гиппенрейтер Ю.Б. «Общаться с ребенком. КАК?»
(Баламен ҚАЛАЙ сөйлесу керек?)
- Петрановская Л.В. «Если с ребенком трудно»
(Бала ауыртпалық әкелсе)
- Петрановская Л.В.
«Тайная опора. Привязанность в жизни ребенка»
(Құпия тірек. Бала өміріндегі бауыр басу сезімі)

Ozim Platform –

Ата-аналар мен жасы кішкентай балаларға арналған IOS және Android базасындағы мобильді қолданба. Қолданбада ата-ана балалардың дағдыларының жалпы дамуы туралы ақпаратты таба алады, балалардың аурулары туралы көбірек біле алады, балаларды үй шаруасына араластыруға арналған оқытушы видеороликтерді пайдалана алады, бала дамуы жөніндегі халықаралық зерттеулермен танысып, форумда мүдделес адамдарды таба алады.



Приложение Vebbo –

бұл ата-ананы нәресте дүниеге келгеннен бастап алғаш мектепке барғанға дейінгі (0 мен 6 жас аралығы) кезеңде сүйемелдейтін интерактивті гид. Мобильді қолданба аналар мен әкелерге, ата-әжелерге ата-аналық күйзелісті, бала тәрбиелеу қиындықтарын жеңуге көмектеседі.

Мобильді қолданба мыналарға көмектеседі:

- баланың дамуындағы ілгерілеуді бақылау,
- оны ойын арқылы дамуға ынталандыру,
- сарапшылардан көмек алу,
- медициналық тексерулер мен екпелер есебін жүргізу,
- баланың дамуының маңызды кезеңдері туралы еске салғыштарын қолдану,
- баланың тіл, іс-қимыл және әлеуметтік дағдыларын жақсарту әдістері жайлы білу.





ЖАЗБАЛАР ҮШІН

Ш.Байболованың жалпы редакциясымен шығарылды
Дизайн жасаған және беттеген Т.Шипилова

Басып шығаруға 02.07.2024 қол қойылды. Жылтыр қағаз. Офсеттік баспа.
Шартты баспа табақ 5. Тираж 1000 дана. Тапсырыс №24_0599.
«Art-depo.kz» ЖШС баспаханасында басып шығарылды.
Алматы қ., Мұратбаев көш., 134, 417-кеңсе.

МЕНІҢ БАЛАМ

